Андатпа. Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне жасанды интеллектті енгізуді мамандардың біліктілігін арттыру факторы ретінде негіздеу. Зерттеуде ғылыми әдебиеттерді талдау, теориялық тұжырымдарды жинақтау және жоғары білім беруді цифрландыру тәжірибесін салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде университеттік ортаға интеллектуалдық технологияларды енгізудің негізгі бағыттары айқындалды, соның ішінде оқытуды дараландыру, жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру және үздіксіз кәсіби дамуды қолдау. Жасанды интеллектті қолдану білім беру мазмұнын жаңартуға, болашақ құзыреттерін дамытуға және кадрлар даярлау сапасын арттыруға ықпал ететіні анықталды. Университеттік білім беруді жүйелі түрде жаңғырту қажеттілігі негізделді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, жоғары білім, цифрландыру, білім беру үдерісі, біліктілікті арттыру, кәсіби даму, бейімделген оқыту

Implementation of artificial intelligence in the university educational process as a factor for skill enhancement

Savelyeva V.V., PhD, Associate Professor, Department of Transport Engineering and Information Technologies, Kazakh Automobile and Road Institute named after L.B. Goncharov, viktoriya.savelyeva1703@gmail.com

Polegenko I.G., candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Department of Transport Engineering and Information Technologies, polegenko_irina@mail.ru

Abstract. The purpose of the study is to substantiate the implementation of artificial intelligence in the university educational process as a factor in enhancing professional qualifications. The research is based on the analysis of academic literature, synthesis of theoretical approaches, and comparative analysis of higher education digitalization practices. The results identify the main directions of integrating intelligent technologies into universities, including personalized learning, individual educational trajectories, and support for continuous professional development. It is demonstrated that the use of artificial intelligence contributes to updating educational content, developing future-oriented competencies, and improving the quality of specialist training. The findings confirm the need for systematic modernization of higher education based on intelligent technologies.

Keywords: artificial intelligence, higher education, digitalization, educational process, professional development, qualification enhancement, adaptive learning.

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ГЕНЕРАТИВТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сағымбаева А.Е., п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Сабраев Қ.Ж., PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, kanatt82@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында генеративті жасанды интеллекттің педагогикалық және танымдық мүмкіндіктері қарастырылады. Білім алушының логикалық ойлауы дайын жауапты қолдану емес, алынған шешімді негіздеу және қойылған мәселенің нақты шешімі екенін дәлелдеу әрекеті болып табылады. Генеративті жасанды интеллект сұхбат жасай отырып, екеуара өзара әрекет арқылы білім алушыны болжам жасау, талдау, қателерді анықтау және оны түзету үдерістерін жүзеге асыруға әкеледі. Осы әрекеттер негізінде генеративті жасанды интеллект ақпарат көзі емес, білім алушының логикалық ойлау әрекетін ұйымдастыратын танымдық орта қызметін атқарады. Мақалада есепті құрылымдау, рефлексияны ұйымдастыру, қателер арқылы оқыту және балама шешімдерді салыстыру мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, генеративті жасанды интеллектті дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіре қолдану болашақ информатика мұғалімдерінің алгоритмдік және аналитикалық ойлау мәдениетін дамытуға жағдай жасайтыны негізделеді.

Түйін сөздер: логикалық ойлау, алгоритмдік ойлау, генеративті жасанды интеллект, танымдық орта, информатика мұғалімін даярлау.

КІРІСПЕ

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында білім беру жүйесінің мазмұны білім алушыға дайын ақпаратты меңгертуге емес, олардың ойлау әрекетін дамытуға бағытталады. Халықаралық зерттеулерде білім алушының логикалық және есептеуіш ойлау дағдылары ХХІ ғасырдың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады[1]. Жалпы информатика пәні білім алушының логикалық және есептеуіш ойлау дағдыларын қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі болғанымен, оқыту тәжірибесінде білім алушылар көбіне дайын алгоритмдерді қолданумен шектеледі де, алған шешімдерін негіздеу мен дәлелдеу әрекеттері жеткілікті деңгейде дамымай жатады[2].

Педагогикалық психологияда білім дайын түрде емес, білім алушының белсенді іс-әрекеті арқылы берілетіні көрсетілген[3]. Сондықтан білім алушыны оқыту үдерісінде талдау, тексеру және қателерді түзету әрекеттеріне қатыстырып отыру бүгінгі күні маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан да мұғалімнің өзінің логикалық ойлау мәдениетінің қалыптастыруды қажет етеді.

Соңғы жылдары білім беру саласында генеративті жасанды интеллект кеңінен қолданыла бастады. Бірқатар зерттеулерде оның жедел кері байланыс беру, рефлексияны ұйымдастыру және оқу әрекетін дараландыру мүмкіндіктері көрсетілген [4]. Сонымен қатар, үлкен тілдік модельдер сұхбат арқылы білім алушыны болжам жасау және қойылған болжамды тексеру іс-әрекеттеріне тартып, ойлау үдерісін белсендіретіні анықталған [5].

Осыған байланысты болашақ информатика мұғалімдерін дайындау барысында генеративті жасанды интеллектті ақпарат көзі емес, логикалық ойлау әрекетін ұйымдастыратын танымдық орта ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби дайындауда генеративті жасанды

интеллектің педагогикалық мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан талдаудың өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын дамытуда генеративті жасанды интеллекттің педагогикалық және танымдық мүмкіндіктеріне теориялық тұрғыдан талдау жасау.

Зерттеу сұрақтары: генеративті жасанды интеллекттің қандай танымдық мүмкіндіктері болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлауына әсер етеді?

генеративті жасанды интеллектпен өзара әрекет барысында логикалық ойлау қандай танымдық әрекеттер арқылы жүзеге асады?

генеративті жасанды интеллектті болашақ информатика мұғалімдерін оқу үдерісінде қолданудың педагогикалық мәні неде?

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Білім алушының логикалық ойлауы педагогика және психология ғылымдарында талдау, жалпылау және дәлелдеу іс-әрекеттерінің жиыны ретінде сипатталады. Ойлау дайын білімді қабылдау емес, жаңа қорытынды құрастыру үдерісі болып табылады [3]. Блум таксономиясында білім алушының жоғары деңгейлі танымдық әрекеттері білімді есте сақтаудан гөрі оны бағалау және қолданумен байланысты екені көрсетілген [6]. Бұл логикалық ойлаудың репродуктивті әрекеттен айырма-шылығын айқындайды.

Информатика ғылымында логикалық ойлау есептеуіш ойлау ұғымымен тығыз байланысты. Ол есепті формальдау, алгоритм құру және нәтижені тексеру әрекеттерін қамтиды [1,2]. Мысалы, программалау ортасында білім әрекет барысында қалыптасатыны конструктивтік теорияға негізделген [3]. Сондықтан алгоритмді орындау емес, оның орындалу барысын түсіндіру информатика мұғалімінің маңызды кәсіби қабілеттерінің бірі болып табылады. Программалау арқылы ойлауды дамыту идеясы компьютер білім беру құралы ғана емес, ойлауды құрастыру ортасы ретінде сипатталған [2].

Соңғы жылдары жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктері кеңінен зерттелуде. Жасанды интеллект жедел кері байланыс ұйымдастыру және оқытуды дараландыру құралы ретінде қарастырылады [4]. Алайда үлкен тілдік модельдердің ерекшелігі сұхбаттық өзара әрекет болып табылады. Мұндай өзара әрекет білім алушыны болжам жасау мен тексеру әрекеттеріне тартады [5]. Генеративті модельдердің білім алушының рефлексиясын күшейтетіні және танымдық белсенділігін арттыратыны көрсетілген [7].

Генеративті жасанды интеллект қателерді талдап, шешімді қайта құруға мүмкіндік береді, бұл метатанымдық бақылауды күшейтеді [8]. Халықаралық зерттеулерде мұндай жүйелерді оқыту үдерісінің бөлігі ретінде қарастырып, оларды мұғалімді алмастырушы емес, танымдық оқу ортасы ретінде қолдану қажеттілігі көрсетілген [9]. Осылайша, ғылыми әдебиеттерде логикалық ойлау дәлелдеуге негізделген әрекет ретінде, ал генеративті жасанды интеллект сұхбаттық танымдық оқу ортасы ретінде сипатталады. Алайда генеративті жасанды интеллекттің білім алушының логикалық ойлау іс-әрекетін ұйымдастыру механизмі жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Сондықтан оның болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлауын қалыптастыруда генеративті жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін талдау өзекті болып табылады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу теориялық сипатта жүргізілді. Логикалық ойлау ұғымының мазмұнын анықтау үшін салыстырмалы-талдамалық тәсіл пайдаланылып, информатикадағы есептеуіш ойлау ерекшеліктері қарастырылды. Генеративті жасанды интеллекттің оқу

үдерісіндегі мүмкіндіктерін түсіндіру мақсатында интерпретациялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс жасанды интеллект пен білім алушының сұхбаттық өзара әрекетінің танымдық әсерін сипаттауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, логикалық ойлау әрекетінің құрылымын анықтау үшін құрылымдық талдау тәсілі пайдаланылды. Алынған нәтижелер педагогикалық интерпретация арқылы түсіндіріліп, генеративті жасанды интеллектті танымдық оқу ортасы ретінде қолданудың теориялық негіздері айқындалды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Генеративті жасанды интеллекттің логикалық ойлауға әсері оның бірқатар танымдық мүмкіндіктерімен байланысты. Біріншіден, сұхбаттық өзара әрекет арқылы бағыттаушы сұрақтар қою білім алушыға шешімді біртіндеп құруға көмектесетін танымдық тірек қызметін атқарады. Екіншіден, жүйе жауапты тексеру және нақтылау арқылы білім алушының өз ойлауын бақылауына мүмкіндік беріп, метатанымдық бақылауды күшейтеді. Үшіншіден, қателерді талдап түсіндіру білім алушыны шешімді қайта құруға итермелеп, қате арқылы үйрену механизмін іске қосады. Сонымен қатар, бірнеше балама шешімді ұсыну оларды салыстыруға жағдай жасап, рефлексияны белсендіреді. Осы мүмкіндіктердің жиынтығы білім алушының логикалық ойлау дағдысының біртіндеп қалыптасуына ықпал етеді.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижесінде болашақ информатика мұғалімінің логикалық ойлауы әртүрлі ғылыми бағыттарда сипатталатыны анықталды. Психологияда ол талдау және дәлелдеу әрекеттерімен байланысты қарастырылса, информатикада есепті формализациялау және алгоритм құру әрекеттерімен түсіндіріледі. Ал, генеративті жасанды интеллектпен өзара әрекет жағдайында ойлау қателерді анықтау және түзету арқылы жүзеге асады. Осы үш бағыттағы сипаттамаларды салыстырмалы талдау олардың ортақ құрылымдық элементтерге бірігетінін көрсетті. Жалпылау нәтижесінде болашақ информатика мұғалімінің логикалық ойлау келесі негізгі әрекеттер жүйесі ретінде анықталды: есепті модельдеу, шешімді құру, негіздеу, тексеру және жалпылау. Бұл әрекеттер болашақ информатика мұғалімінің кәсіби қызметінде оқыту мен түсіндіру әрекеттерінің негізін құрайды. 1-кестеде болашақ информатика мұғалімінің логикалық ойлау компоненттері жүйеленіп көрсетілді.

Кесте 1 – Болашақ информатика мұғалімінің логикалық ойлау компоненттері

<i>Компонент</i>	<i>Мазмұны</i>	<i>Педагогикалық маңызы</i>
<i>Формализация</i>	<i>есеп шартын модельге айналдыру</i>	<i>мәселені түсіндіру</i>
<i>Алгоритмдеу</i>	<i>шешім қадамдарын құру</i>	<i>әрекетті жүйелеу</i>
<i>Дәлелдеу</i>	<i>шешімнің дұрыстығын негіздеу</i>	<i>пайымдауды қалыптастыру</i>
<i>Қате талдау</i>	<i>логикалық сәйкессіздікті анықтау</i>	<i>рефлексияны дамыту</i>
<i>Жалпылау</i>	<i>тәсілді жаңа есепке көшіру</i>	<i>білім трансфері</i>

Бұл жүйеленген құрылым информатика мұғалімінің кәсіби қызметінде білімді түсіндіру мен тексеру әрекеттерінің өзара байланыста жүретінін көрсетеді.

Кестеде көрсетілген құрылым логикалық ойлаудың статикалық сипаттамасын береді, яғни болашақ информатика мұғалімінде қалыптасатын танымдық компоненттерді анықтайды. Алайда ойлау дайын күйде пайда болмайды, ол оқу барысында жүзеге асатын әрекеттер жүйесінің нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан логикалық ойлаудың құрылымын түсіндіру үшін оның қалыптасу барысын кезеңдік әрекеттер арқылы қарастыру қажет.

Генеративті жасанды интеллектпен өзара әрекет осы үдерісті бақылауға мүмкіндік береді. Сұхбат барысында білім алушы оқу тапсырмасын талдап, бастапқы болжам ұсынады, жасанды

интеллектпен сұхбат арқылы оны тексереді, қателерді анықтап, шешімді қайта құрады және нәтижені жалпылайды. Мұндай әрекеттер тізбегі

логикалық ойлау компоненттерінің біртіндеп қалыптасуын көрсетеді.

Жасанды интеллектпен жұмыс барысында білім алушының ойлау әрекеті бірізді кезеңдер арқылы қалыптасады: алдымен тапсырманы түсінеді, кейін бастапқы шешім ұсынады, оны жасанды интеллектпен талқылайды, қателерін талдап түзетеді және соңында қорытынды жасайды. Осы әрекеттердің нәтижесінде логикалық ойлау дағдысы қалыптасады (Сурет 1).

1-кестеде болашақ информатика мұғалімінің логикалық ойлаудың құрылымдық компоненттері көрсетілсе, 1-суретте қалыптасу механизмі берілген. 1-суреттегі әрбір танымдық әрекет кестеде сипатталған белгілі бір ойлау компонентінің қалыптасуына әкеледі. Осылайша генеративті жасанды интеллектпен ұйымдастырылған әрекет үдерісі білім алушының логикалық ойлау құрылымының біртіндеп дамуын қамтамасыз етеді.



Сурет 1. Генеративті жасанды интеллектпен өзара әрекет негізіндегі логикалық ойлаудың қалыптасу кезеңдері

ДИСКУССИЯ

Алынған нәтижелер генеративті жасанды интеллектті оқыту құралы емес, оқу әрекетін ұйымдастыратын танымдық орта ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Дәстүрлі оқытуда білім алушы көбіне дайын алгоритмді орындаушы болса, жасанды интеллектпен өзара әрекетте ол шешімді түсіндіруші және дәлелдеуші рөлін атқарады. Жасанды интеллект оқытушыны алмастырмай, оның қызметін толықтырады: оқытушы оқу әрекетін ұйымдастырса, жасанды интеллект тексеру мен кері байланысты қамтамасыз етеді. Мұндай үшжақты өзара әрекет білім алушыны өз шешімін қайта қарауға, дәлелдеуге және рефлексия жасауға итермелейді, ал қате оқу ресурсына айналады.

Бұл тәсіл болашақ информатика мұғалімінің кәсіби даярлығына әсер етіп, оны бағдарламаны үйретушіден ойлау әрекетін ұйымдастырушыға айналдырады. Осы тұрғыда генеративті жасанды интеллект педагогикалық технология ғана емес, логикалық ойлауды ұйымдастыру ортасы қызметін атқарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген теориялық талдау генеративті жасанды интеллекттің болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Логикалық ойлау дайын жауапты қолдану емес, шешімді негіздеу және тексеру әрекеттері арқылы қалыптасады. Жасанды интеллектпен ұйымдастырылған сұхбат білім алушыны болжам ұсыну, тексеру, қателерді анықтау, қайта құру және жалпылау кезеңдеріне тартып, ойлау әрекетінің біртіндеп қалыптасуына жағдай жасайды.

Анықталған компоненттер оның мазмұнын, ал әрекеттер жүйесі қалыптасу барысын сипаттайды. Бұл генеративті жасанды интеллектті дайын жауап көзі емес, ойлау әрекетін ұйымдастыратын танымдық оқу ортасы ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Осылайша генеративті жасанды интеллект дәстүрлі оқытуды толықтырып, білім алушының логикалық ойлауын дамытуға жағдай жасайды және болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда оқу әрекетін ұйымдастыру құралы ретінде тиімді қолданылуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] J. M. Wing, "Computational thinking," *Communications of the ACM*, vol. 49, no. 3, pp. 33–35, 2006, doi: 10.1145/1118178.1118215
- [2] S. Papert, *Mindstorms: Children, Computers, and Powerful Ideas*. New York, NY, USA: Basic Books, 1980.
- [3] L. S. Vygotsky, *Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes*. Cambridge, MA, USA: Harvard University Press, 1978.
- [4] R. Luckin, *AI for School Teachers*. London, UK: Routledge, 2022, doi: 10.4324/9781003181859.
- [5] E. Kasneci et al., "ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education," *Learning and Individual Differences*, vol. 103, Art. no. 102274, 2023, doi: 10.1016/j.lindif.2023.102274.
- [6] B. S. Bloom, *Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals*. New York, NY, USA: Longmans, 1956.
- [7] X. Zhai, "ChatGPT in education: A systematic review of generative AI in teaching and learning," *Education and Information Technologies*, vol. 29, pp. 1–28, 2024, doi: 10.1007/s10639-023-12173-x.
- [8] I. Molenaar, "Towards hybrid human-AI learning environments: A systematic review," *Computers and Education: Artificial Intelligence*, vol. 3, Art. no. 100070, 2022, doi: 10.1016/j.caeai.2022.100070.
- [9] UNESCO, *Guidance for Generative AI in Education and Research*. Paris, France: UNESCO Publishing, 2023. [Online]. Available: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693>

Потенциал генеративного искусственного интеллекта в формировании навыков логического мышления у будущих учителей информатики

Сағымбаева А.Е., доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

Сабраев К.Ж., PhD-докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан, kanatt82@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические и когнитивные возможности генеративного искусственного интеллекта (ИИ) в процессе формирования логического мышления будущих учителей информатики. Логическое мышление понимается не как применение готового ответа, а как обоснование полученного решения и доказательство того, что оно является корректным решением поставленной задачи. Генеративный ИИ, осуществляя диалоговое взаимодействие, вовлекает обучающегося в процессы выдвижения гипотез, анализа, выявления ошибок и их исправления. На этой основе он выступает не источником информации, а когнитивной средой, организующей логическую деятельность обучающегося. В статье анализируются возможности структурирования задачи, организации рефлексии, обучения через ошибки и сравнения альтернативных решений. Также обосновывается, что сочетание генеративного искусственного интеллекта с традиционными методами обучения способствует развитию алгоритмической и аналитической культуры мышления будущих учителей информатики.

Ключевые слова: логическое мышление, алгоритмическое мышление, генеративный искусственный интеллект, когнитивная среда, подготовка учителей информатики.

The Potential of Generative Artificial Intelligence in developing logical thinking skills of future informatics teachers

Sagymbaeva A.E., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Sabraev K.Z., PhD Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, kanatt82@gmail.com

Abstract. The article examines the pedagogical and cognitive potential of generative artificial intelligence in the development of logical thinking skills of future informatics teachers. Logical thinking is interpreted not as the use of a ready-made answer, but as the justification of the obtained solution and proof that it correctly solves the given problem. Through dialogic interaction, generative artificial intelligence engages learners in hypothesis generation, analysis, error detection, and correction processes. Thus, it functions not as a source of information but as a cognitive environment that organizes the learner's logical reasoning activity. The paper analyzes the possibilities of problem structuring, organizing reflection, learning through errors, and comparing alternative solutions. It is also substantiated that combining generative artificial intelligence with traditional teaching methods contributes to the development of algorithmic and analytical thinking culture of future informatics teachers.

Keywords: logical thinking, algorithmic thinking, generative artificial intelligence, cognitive environment, informatics teacher training.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Спабекова Ж. Х., PhD Student, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, zhanaraspabekova@gmail.com

Исабаева Д.Н. ЖИ және Big Data кафедрасының профессоры,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының цифрлық білім беру жүйесіндегі рөлі мен даму болашағы ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда қарастырылады. Жасанды интеллект негізінде оқытуды дербестендіру, білім алушылардың оқу жетістіктерін автоматтандырылған түрде бағалау, адаптивті білім беру платформаларын қолдану мәселелері талданады. Сонымен қатар, Жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне енгізудің педагогикалық, ұйымдастырушылық және этикалық аспектілері айқындалады. Мақаланың мақсаты – жасанды интеллект дәуірінде цифрлық білім беруді дамытудың тиімді жолдарын анықтап, халықаралық ғылыми-практикалық тәжірибе негізінде ұсыныстар ұсыну. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына жасанды интеллект және машиналық оқыту (ML) негіздерін үйретудің практикалық әдістемесі қарастырылады. «ML for Kids» платформасы мен Scratch бағдарламалау ортасын қолдану арқылы дыбыспен басқарылатын жобаны жасау жолдары сипатталады. Мақалада жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық білім берудің даму тенденциялары қарастырылады. Жасанды интеллект технологияларының білім беру жүйесіне әсері, оқыту процесін дараландырудағы рөлі, педагогтердің кәсіби қызметіндегі өзгерістер және этикалық мәселелер талданады. Әдебиеттерге жасалған шолу нәтижесінде жасанды интеллект білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы екені анықталды. Сонымен қатар цифрлық құзыреттілікті дамыту және педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттілігі негізделеді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, цифрлық білім беру, дербестендіру, бейімді оқыту, жасанды интеллект сауаттылығы.

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамның дамуы цифрландыру үдерісімен тығыз байланысты. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізіп, оқыту мазмұны мен әдістерін жаңғыртуды талап етуде. Әлем бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Жаһандық білім беру жүйесінің білім беру жүйесінің енуімен бастадық. Бұл өзгерістің жүрегінде жасанды интеллект (ЖИ) тұр. Сонымен, AI дәуіріндегі цифрлық білім беру қандай? Ең бастысы – ол сізге, студенттерге немесе білім беру ұйымдарына қалай әсер етеді? *ЖИ оқытуды құралы: Жасанды интеллектті мектепте оқытудың практикалық аспектілері: Scratch және*

Machine Learning интеграциясы. ЮНЕСКО есебінде атап өтілгендей, ЖИ-сауаттылықты қалыптастыруда теориялық білімді практикамен ұштастыру өте маңызды. Garzón және әріптестері (2025) жүргізген жүйелі шолу нәтижелері ЖИ-дің білім сапасын арттыруда оң әсер беретінін көрсетеді. Авторлар адаптивті платформалардың оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалын ұсынатынын атап өтеді [1]. ScienceDirect дерекқорындағы зерттеулер де жасанды интеллекттің оқыту процесін дербестендіру арқылы білім нәтижелерін жақсартатынын дәлелдейді [2]. Білім беру саласында ЖИ деректерді талдау, білім алушылардың оқу әрекетін бақылау және оқыту мазмұнын бейімдеу мақсатында қолданылады.

ЖИ оқу мазмұны: Цифрлық білім беру – білім беру үдерісін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы ұйымдастырудың заманауи формасы. ЖИ цифрлық білім берудің мазмұнын байытып, оқушыларға икемді және қолжетімді оқу ортасын қалыптастырады. Алайда, жасанды интеллектті енгізу белгілі бір мәселелерді де туындатады. Олардың қатарына цифрлық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, оқытушылар мен білім алушылардың цифрлық сауаттылық деңгейінің әркелкілігі, дербес деректердің қауіпсіздігі және академиялық адалдық мәселелері жатады. Осы мәселелерді шешу үшін нормативтік-құқықтық база мен педагогикалық әдістемелерді жетілдіру қажет. Халықаралық тәжірибе жасанды интеллектті білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен және жүйелі түрде енгізудің тиімді екенін көрсетеді. Мысалы, дамыған елдерде ЖИ негізіндегі адаптивті оқыту платформалары, оқу аналитикасы жүйелері және интеллектуалды бағалау құралдары кеңінен қолданылуда. Бұл тәжірибелер білім беру сапасын арттырумен қатар, білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ғылыми-практикалық тұрғыда жасанды интеллектті қолдану педагогикалық эксперименттер мен пилоттық жобалар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл технологиялардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалауға мүмкіндік береді.

ӘДІСТЕР МЕН МАТЕРИАЛДАР

ЖИ-сауаттылық: Жаңа заманның талабы Зерттеуде «ЖИ-сауаттылық» ұғымына ерекше мән беріледі. Ол тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ЖИ-дің қоғамға әсерін түсіну мен онымен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін қамтиды. ЖИ-сауаттылық екі негізгі бағытты біріктіреді: Мәліметтер бойынша сауаттылық: деректерді жинау, талдау және басқару процестерін түсіну. Алгоритмдік сауаттылық: ЖИ алгоритмдерінің деректердегі заңдылықтарды қалай табатынын түсіну. Оқу бағдарламаларының мазмұны және интеграциясы Есепте талданған оқу бағдарламалары негізгі үш категорияға бөлінген: ЖИ негіздері (41%): алгоритмдер, бағдарламалау және деректермен жұмыс. Этика және әлеуметтік әсер (24%): ЖИ-дің күнделікті өмірдегі рөлі, құпиялылық және адам құқықтары. ЖИ-ді түсіну, пайдалану және дамыту (25%): машиналық оқыту (ML), нейрондық желілер және компьютерлік көру технологиялары. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның кәсіби қызметін жаңа деңгейге көтереді. Dinora (2025) зерттеуінде ЖИ дәуірінде педагогтің рөлі өзгеріп, ол білім алушының оқу процесін ұйымдастырушы және

бағыттаушы ретінде сипатта-лады [3]. Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолдану барысында этикалық мәселелер – деректердің құпиялылығы, академиялық адалдық және алгоритмдік әділдік – өзекті болып отыр. Оқу бағдарламалары мектеп жүйесіне әртүрлі тәсілдермен енгізілуде: жеке пән ретінде, АКТ (Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) немесе математика пәндерінің құрамында немесе пәнаралық жобалар арқылы. Педагогикалық тәсілдер мен технологиялық құралдар ЖИ-ді оқытуда жобалық оқыту (Project-based learning) әдісі ең тиімді деп танылған. Бұл тәсіл оқушыларға нақты мәселелерді шешуге, сыни ойлау мен командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Springer базасындағы талдаулар соңғы онжылдықта «AI in Education» бағыты қарқынды дамығанын көрсетеді. Rismanchian және Doroudi (2025) білім беру саласындағы ЖИ зерттеулерін төрт кезеңге бөліп қарастырады және қазіргі кезеңді деректерге негізделген интеллектуалды жүйелердің дамуымен байланыстырады [4]. Сондай-ақ AR/VR және иммерсивті технологиялар жасанды интеллектпен біріктіріліп, тәжірибелік оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуде [5]. Оқыту барысында *Scratch*, *Python*, *MachineLearning4Kids* және *Teachable Machine* сияқты тегін және қолжетімді құралдар жиі пайдаланылады. Қазақстанда цифрлық білім беруді дамыту мемлекеттік деңгейде қолдау табуда. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен жобалар ЖИ технологияларын білім беру жүйесіне енгізу мәселелерін талқылауда [6].

НӘТИЖЕЛЕР

ЮНЕСКО оқу бағдарламаларын белгілі бір брендке немесе компанияға байлап қоймайтын «технологиялық агностикалық» тәсілді ұстануды ұсынады. Этикалық мәселелер және адам құқықтары ЖИ-ді оқытуда этикалық аспектілер өте маңызды. Оқушылар ЖИ алгоритмдеріндегі «алдын ала болжау» (bias), деректердің құпиялылығы және ЖИ-дің адам өміріне тигізетін әсері туралы білуі тиіс. ЮНЕСКО-ның ЖИ этикасы бойынша 10 принципі (ашықтық, қауіпсіздік, әділдік және т.б.) білім беру мазмұнының өзегі болуы керек. Оқушылар ЖИ-дің тек қалай жұмыс істейтінін біліп қана қоймай, оны өз қолдарымен жасап көруі тиіс. Бұл мақалада бастауыш сынып (1–4 сынып) оқушыларына арналған «Дауыспен басқару» сценарийі мысалында машиналық оқыту процесі талданады.

Дайындық және модельді оқыту (Training) ЖИ жобасын жасаудың алғашқы кезеңі – деректерді жинау және компьютерді үйрету. Ол үшін «ML for Kids» платформасы қолданылады. Процесс келесі қадамдардан тұрады:

- *Дыбыстық жобаны құру*: Платформада жобаның аты мен типі (Sound project) таңдалады.

- *Кластарды (белгілерді) анықтау*: Компьютер командаларды ажырата алуы үшін арнайы кластар құрылады. Олар: «фондық шу» (Background noise), «Salem», «секір», «биле» және «жүгір».

- *Деректер жинау*: Әрбір команда үшін оқушы өз дауысымен 8 реттен дыбыс жазады. Бұл компьютердің дыбыстық заңдылықтарды тануы үшін қажетті минималды база. Модельді тексеру және Scratch-пен байланыстыру (Testing & Learning). Деректер жиналғаннан кейін компьютерді үйрету («Learn & Test») кезеңі басталады. Бұл жерде оқушылар жазылған дыбыстарды тексереді. Модель дұрыс жұмыс істеген жағдайда, ол Scratch бағдарламалау ортасымен байланысты-рылады. Бұл кезең оқушыларға ЖИ моделі мен кодтың қалай өзара әрекеттесетінін түсінуге мүмкіндік береді. Алгоритмді іске асыру: Scratch-тағы жоба (Coding). Scratch-тағы негізгі мақсат – ЖИ моделі таныған дыбыстық командаларға сәйкес Мысық (Sprite) кейіпкерінің қимылдарын бағдарламалау.

Негізгі сценарийлер келесідей:

- «Сәлем» командасы: Компьютер дыбысты танығанда, Мысық «Ооо Сәлем» деп жауап береді.

- «Секір» және «Жүгір» командалары: Тиісті блоктарды таңдау арқылы Мысықтың секіруін немесе экран бойымен жүгіруін іске асыруға болады.

- «Биле» командасы: Кейіпкер алға-артқа қозғалып, «Би ұнады ма?» деп сұрайды.

Мұндай жобалар балаларға ЖИ-дің жұмыс істеу принципін қарапайым төрт кезең арқылы түсіндіреді: Біз айттық – Компьютер тыңдады – Ол үйренді – Кейіпкер қимылдады. Бұл тәсіл ЮНЕСКО ұсынған «жобалық оқыту» әдістемесіне толық сәйкес келеді және оқушылардың алгоритмдік сауаттылығын арттырады. Алайда, жасанды интеллектті енгізу белгілі бір мәселелерді де туындатады. Олардың қатарына цифрлық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, оқытушылар мен білім алушылардың цифрлық сауаттылық деңгейінің әрқелкілігі, дербес деректердің қауіпсіздігі және академиялық адалдық мәселелері жатады. Осы мәселелерді шешу үшін нормативтік-құқықтық база мен педагогикалық әдістемелерді жетілдіру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық білім беру – болашақ емес, бүгінгі шындық. AI білім беруді жекелендірілген, қолжетімді және деректерге негізделген экожүйеге айналдырып жатыр. Жасанды интеллект дәуірінде цифрлық білім беру жүйесін дамыту – білім беру саласының стратегиялық бағыты. ЖИ технологияларын ғылыми негізде және педагогикалық талаптарға сай қолдану білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты білім беру ұйымдары жасанды интеллектті енгізуде кешенді тәсілді ұстанып, оқытушылардың кәсіби және цифрлық құзыреттілігін арттыруға, сондай-ақ этикалық және құқықтық талаптарды сақтауға баса назар аударуы қажет. ЖИ дәуіріндегі цифрлық білім беруді дамыту үшін келесі қадамдар қажет: Мұғалімдерді даярлау: жаңа технологияларды тиімді оқыту үшін педагогтардың біліктілігін арттыру басты басымдық болуы тиіс. Этикалық бағдар: ЖИ-ді техникалық құрал ретінде ғана емес, гуманистік құндылықтар тұрғысынан оқыту қажет. Инклюзивтілік: ЖИ бойынша сапалы білімнің барлық оқушыларға, жынысына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Ақылды оқу платформаларының дамуы, қазіргі платформалар студенттердің мінез-құлқын нақты уақыт режимінде талдайды. Олар қай жерде қиналатынын, тапсырмаға қанша уақыт жұмсайтынын және қай тақырыпты қайта қарау керек екенін анықтайды. Бұл – оқу үдерісін микроскоппен бақылаумен тең.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1]Holmes, Wayne; Bialik, Maya; & Fadel, Charles. (2019). Artificial intelligence in education: Promises and implications for teaching and learning (excerpt/chapter). DOI: 10.58863/20.500.12424/4276068 (Globethics Repository version)
- [2]Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L. B. (2016). *Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education*. Pearson Education. ISBN: 978-0992424886.
- [3]Sharifboyeva, D. F. (2025). *Artificial Intelligence (AI) Era in Education: The New Role of Teachers, Ethical Issues, and Opportunities for Personalized Learning*. International Journal of Artificial Intelligence, 5(10), 1405–1406. <https://www.academicpublishers.org/journals/index.php/ijai/article/view/7128>
- [4]Rismanchian, S., & Doroudi, S. (2025). *The Evolution of Research on AI and Education Across Four Decades: Insights from the AI×Ed Framework*. International Journal of Artificial Intelligence in Education, 35, 2797–2820. DOI: 10.1007/s40593-025-00483-9
- [5]Selwyn, N. (2019). *Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education*. Polity Press. ISBN: 978-1509528967.

[6] UNESCO. (2022). K-12 AI curricula: A mapping of government-endorsed AI curricula. Paris, UNESCO. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000380602>.

Проблемы обучения элементам искусственного интеллекта в начальной школе

Спабекова Ж.Х., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, zhanaraspabekova@gmail.com

Исабаева Д.Н. профессор кафедры ИИ и Big Data, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются роль и перспективы развития технологий искусственного интеллекта (ИИ) в системе цифрового образования с научно-теоретической и практической точек зрения. Анализируются вопросы персонализации обучения на основе ИИ, автоматизированной оценки учебных достижений обучающихся, а также применения адаптивных образовательных платформ. Кроме того, раскрываются педагогические, организационные и этические аспекты внедрения технологий ИИ в образовательный процесс. Цель статьи – определить эффективные пути развития цифрового образования в эпоху искусственного интеллекта и представить рекомендации на основе международного научно-практического опыта. В работе также рассматривается практическая методика обучения учащихся начальных классов основам ИИ и машинного обучения (ML). Описываются этапы создания проекта с голосовым управлением с использованием платформы ML for Kids и среды программирования Scratch. В статье анализируются современные тенденции развития цифрового образования в эпоху ИИ. Рассматривается влияние технологий ИИ на систему образования, их роль в персонализации обучения, изменения в профессиональной деятельности педагогов и связанные с этим этические вопросы. По результатам обзора литературы установлено, что ИИ является эффективным инструментом повышения качества образования. Обосновывается необходимость развития цифровых компетенций и совершенствования профессиональной подготовки педагогов.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровое образование, персонализация, адаптивное обучение, грамотность в области искусственного интеллекта.

Issues of teaching elements of artificial intelligence in primary school

Spabekova Zh.Kh., PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, zhanarasbekova@gmail.com

Issabayeva D.N. professor of the Department of Artificial Intelligence and Big Data, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Abstract. The article examines the role and development prospects of artificial intelligence (AI) technologies in the digital education system from scientific-theoretical and practical perspectives. It analyzes issues related to AI-based personalized learning, automated assessment of students' academic performance, and the use of adaptive educational platforms. In addition, the pedagogical, organizational, and ethical aspects of integrating artificial intelligence technologies into the educational process are identified. The purpose of the article is to determine effective ways to develop digital education in the era of artificial intelligence and to provide recommendations based on international scientific and practical experience. The paper also presents a practical methodology for teaching primary school students the fundamentals of artificial intelligence and machine learning (ML). It describes the process of developing a voice-controlled project using the ML for Kids platform and the Scratch programming environment. The article explores current trends in the development of digital education in the age of artificial intelligence. It discusses the impact of AI technologies on the education system, their role in personalizing learning, changes in teachers' professional activities, and related ethical issues. A review of the literature demonstrates that artificial intelligence is an effective tool for improving the quality of education. The need to develop digital competencies and enhance teachers' professional training is also substantiated.

Keywords: artificial intelligence, digital education, personalization, adaptive learning, artificial intelligence literacy.

БИОХАКИНГ КАК ИНСТРУМЕНТ ЦЕЛОСТНОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА В РАМКАХ КОНЦЕПЦИИ TOLYQ ADAM

Тен В., преподаватель практик, фитнес клуб KRIDA,

Скулова И.В., ст.преподаватель, School of Social Sciences and Transformative Humanities,
Tolyq Adam Institute, Алматы Менеджмент Университет, г. Алматы, Казахстан

Саяпина Ю., ст.преподаватель, School of Social Sciences and Transformative Humanities,
Tolyq Adam Institute, Алматы Менеджмент Университет, г. Алматы, Казахстан

Аннотация

В работе рассматривается концепция биохакинга как инновационного инструмента для максимизации человеческого потенциала в современной образовательной среде. Автор анализирует синергию современных научно-технологических методов оптимизации организма с классической философией Абая Кунанбаева «Толык Адам». Основное внимание уделено пяти столпам биохакинга: глубокой диагностике, гигиене сна, нутрициологии, физической активности и ментальному равновесию. Исследование подчеркивает, что биохакинг в высшем образовании это не просто набор методик по улучшению здоровья, а стратегический подход к формированию дисциплинированной и стрессоустойчивой личности. Интеграция этих практик в учебный процесс позволяет студентам трансформировать свой биологический ресурс в эффективный инструмент для достижения жизненных целей, отвечая на вызовы динамичного общества XXI века.

Ключевые слова: биохакинг, Толык Адам, оптимизация, саморазвитие, здоровье.

ВВЕДЕНИЕ

Стремление к человеческому совершенству уже давно является центральной темой как в философском, так и в научном дискурсе. От идеала древних греков “*paideia*” до концепции “*Tolyq Adam*” Абая Кунанбаева человечество постоянно ищет способы максимизировать свой интеллектуальный, моральный и физический потенциал. Онлайн курс “Биохакинг твоего тела” вошел в основу дисциплины физическая культура в университете AlmaU и представляет собой важную образовательную платформу, так как в современном ритме жизни стоит очень важный вопрос стремления к более качественной жизни и необходимости заботы о своем теле и разуме для сохранения молодости и энергии. Этот онлайн-курс включает интересные темы о глубинах нашего организма, позволяющий студентам открыть для себя множество интересных фактов о диагностике своего организма, правильном питании и здоровом сне, физической активности и умственному благополучию. Цель онлайн-курса заключается в концепции, направленной на максимизацию человеческого потенциала за счёт изучения ресурсов собственного организма и разума. Биохакинг предлагает подходы и стратегии, которые помогают не только сохранить здоровье, но и улучшить его, усовершенствовать физическое и ментальное состояние опираясь на науку, технологии и индивидуальные особенности каждого человека.

ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР

От ранней эволюции человека до современного общества стремление к физическому и умственному совершенствованию было неотъемлемой частью выживания и прогресса. Древние люди полагались на движение, адаптивность и устойчивость, чтобы преуспеть в сложных условиях. Со временем структурированные физические тренировки, питание и психологическое благополучие стали ключевыми элементами общественного прогресса [1]. Абай Кунанбаев (1845-1904) подчеркивал необходимость сбалансированного развития тела, разума и духа в своей философии “Толык Адам”. В эпоху быстрого технологического прогресса способность поддерживать физическую

жизнеспособность, эмоциональную стабильность и интеллектуальное любопытство становится важнее, чем когда-либо. Биохакинг в этом контексте – это не просто тенденция к оптимизации здоровья, физическим и умственным способностям, а научный и философский ответ на современные вызовы в развитии человека. Представьте, что ваше тело и разум – это сложная и уникальная система, как высокотехнологичный гаджет, полный скрытых возможностей. А теперь подумайте, что вы сами можете быть «инженером» этой системы, научившись её настраивать, улучшать и раскрывать свой потенциал на максимум. Это как настройка программного обеспечения для самого себя: вы исследуете, что именно работает для вас, пробуете методы, которые помогают быть энергичнее, улучшить концентрацию, сон и восстановление [2]. Процесс – анализа, осознанности и внимания к собственным ощущениям. Уметь видеть тело и разум как проект, где мелкие детали и привычки могут существенно влиять на результат. Это не о сверхчеловеческих достижениях, а о создании лучших условий для того, чтобы каждый день быть чуть лучше, чем вчера, инструмент улучшения физического и ментального состояния, действительно может помочь в этих условиях. Он позволяет не только укрепить здоровье, но и улучшить когнитивные способности, повысить устойчивость к стрессу и сохранять жизненную энергию на протяжении долгих лет [3].

МЕТОДОЛОГИЯ И РЕЗУЛЬТАТЫ

Основные принципы биохакинга.

Диагностика организма

Каждый новый день современного человека – это настоящий марафон из тысячи дел, где каждый сам выбирает для себя дистанцию и идет к финишу в своем собственном темпе. С самого утра мы строим грандиозные планы, но уже спустя некоторое время ощущаем усталость, неспособность сосредоточиться и реализовать задуманное. Постоянно откладываем на завтра и вновь ничего не успеваем. Мы виним себя за лень, за то, что недостаточны умны, за забывчивость и невнимательность. Однако чаще всего причина кроется в другом.

В молодости люди часто относятся к своему здоровью без должной ответственности, полагая, что у них есть неограниченный запас энергии и ресурсов. Однако с возрастом этот «депозит здоровья» начинает истощаться, и последствия небрежного отношения к себе становятся всё более ощутимыми. Гормональные изменения, нехватка сна, вредные привычки и недостаток физической активности приводят к ухудшению самочувствия и могут вызвать серьезные проблемы со здоровьем. Актуальное желание современного общества – найти в себе дополнительные источники энергии, повысить свою производительность и ликвидировать причины, тормозящие развитие показателей их физических и эмоциональных возможностей, приводит его к биохакингу. В жизни каждого человека наступает переломный момент, когда он осознает, что хочет больше, чем может предложить ему природа. Взяв под контроль собственную биологию, такой человек ставит перед собой задачу- получить тело, способное работать так, как он того хочет, остаться молодым и прожить более активную, счастливую жизнь. Любую трансформацию необходимо начинать с самого главного – с диагностики своего организма, с проверки своих генетических и физиологических данных. Чтобы расширить возможность своего организма, а не причинить ему еще больший вред, нужно сдать необходимые анализы, которые дадут четкое представление о текущем состоянии здоровья и помогут нам скоординировать процесс будущего преобразования.

Основа, задающая вектор работы над собой – это регулярный контроль основных показателей своего здоровья.

К основным анализам, позволяющим оценить обмен веществ и выявить скрытые инфекции, относятся:

- общий и биохимический анализ крови;
- анализ на гормоны;
- общий анализ мочи;
- электрокардиограмма и ультразвуковое исследование сердца;
- МРТ (магнитно-резонансная томография) при дискомфорте в спине, позвоночном столбе, а также в случае подтвержденных механических повреждений и травм.

Кроме того, ряд анализов необходимо сдавать только девушкам, так как женский организм гораздо хрупче и сложнее мужского. К ним относятся:

- УЗИ вен верхних и нижних конечностей;
- УЗИ органов малого таза;
- осмотр хирурга в случае, если были роды (необходимо проверить состояние прямой мышцы живота, наличие пупочной грыжи после беременности, а также последствия косметических и пластических операций).

Постоянно отслеживая свои результаты, мы приближаемся к следующему шагу – изменению своего потенциала. Технологии и медицина позволяют современному человеку иметь общее представление о том, что происходит в его организме. Эти знания помогают нам рационально планировать свой режим дня, питания и тренировок.

Гигиена сна

Важнейшую роль в формировании правильного режима дня играет гигиена сна, от того, насколько полноценно мы отдохнем, зависит весь наш предстоящий день. Соблюдая правила гигиены сна, мы повышаем свой иммунитет, улучшаем память, снижаем нагрузку на работу эндокринной и нервной систем, пополняем запас необходимых гормонов. Соответственно, на следующий день нам легче воспринимать новую информацию и заниматься спортом.

Систематическое недосыпание негативно влияет на нашу иммунную систему, повышает уровень сахара в крови, способствует развитию психических расстройств и провоцирует такие заболевания, как болезнь Альцгеймера и диабет. Кроме того, усталость повышает аппетит, что связано с увеличением концентрации гормона грелина, который отвечает за чувство голода, и одновременным подавлением гормона лептина, сигнализирующего о насыщении. Соответственно, если человек регулярно не высыпается, он съедает больше положенного и, скорее всего, наберет лишний вес. Безусловно, сбалансированное питание и физическая активность играют важную роль в биохакинге, однако не стоит недооценивать огромное значение сна.

Существуют определенные правила гигиены сна, ежедневно придерживаясь которых вы сможете улучшить свой сон, избавиться от бессонницы, повысить производительность и встречать каждое утро бодрым и полным сил.

Время сна. Необходимо ложиться спать в одно и то же время, каждый раз организм механически будет готовиться к состоянию покоя. Средняя продолжительность сна должна составлять от 6 до 11 часов в сутки. Быстрая фаза сна (REM-фаза), происходящая в утренние часы, играет ключевую роль в процессах восстановления и улучшения когнитивных функций. Это подтверждается тем, что REM-фаза способствует консолидации памяти и улучшению моторных навыков. Создание оптимальных условий для сна, таких как контроль температуры в помещении, свежий воздух и поддержание правильного режима сна, также критично для качественного отдыха. Необходимо уделять внимание к климату в комнате, где вы спите – это должно быть прохладное помещение с температурой от 18 до 21 градуса, предварительно проветренное, без сухого воздуха.

Абсолютная темнота. Чтобы максимизировать качество сна, ночью необходимо нейтрализовать даже слабые источники света (ночник или маячки на электроприборах), так как наш мозг реагирует на них, препятствуя выработке мелатонина и разрушая нейронные связи, вследствие чего наш сон становится неполноценным.

Ограниченный рацион. Последний прием пищи должен состояться не позднее, чем за два-три часа до сна. Связано это с тем, что организм тратит много энергии на переработку пищи, лишаясь возможности отдохнуть, вследствие чего у него возникает конфликт с мозгом.

Оқу мотивациясы – білім алушының оқу әрекетіне ішкі қызығушылығы мен бағыттылығы. Виртуалды орта студенттің оқу материалына енуін жеңілдетіп, оқу мазмұнын «тәжірибе» формасына ауыстырады. Мұндай жағдайда студент ақпаратты сырттай бақылаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде қабылдайды. Бұл ішкі мотивацияның күшеюіне әкеледі. Мотивацияның артуы зейін тұрақтылығына тікелей ықпал етеді. Психологиялық зерттеулерге сәйкес, қызығушылық туғызатын тапсырмалар зейіннің ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етеді. Виртуалды ортадағы иммерсивтілік (толық ену әсері) студенттің танымдық ресурстарын оқу материалына шоғырландырады. Эмоциялық фактор да маңызды рөл атқарады. Эмоциялық бояуы бар ақпарат ұзақ мерзімді жадта жақсы сақталады. Виртуалды сценарийлерде қолданылатын динамикалық көріністер, үшөлшемді модельдер және интерактивті тапсырмалар эмоционалдық реакция тудырады. Бұл, өз кезегінде, нейрондық байланыстардың беріктігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, виртуалды ортада табысқа жету тәжірибесі (виртуалды жаттығуды сәтті орындау, модельденген жағдайды шешу) студенттің өзіндік тиімділік сезімін (self-efficacy) күшейтеді. Өзіндік тиімділік жоғары болған сайын, тұлғаның танымдық белсенділігі артады.

Виртуалды шынайылықтың артықшылықтарымен қатар, оның когнитивтік жүктемеге әсерін де ескеру қажет. Когнитивтік жүктеме теориясы бойынша, адамның жұмыс жады шектеулі көлемге ие. Егер ақпарат көлемі шамадан тыс көп болса, оқу тиімділігі төмендеуі мүмкін. Виртуалды ортада бір мезгілде бірнеше сенсорлық арна арқылы ақпарат беріледі:

визуалды (3D модельдер, анимациялар);

аудиалды (дыбыстық түсіндірмелер);

кинестетикалық (қозғалыс, басқару әрекеттері). Бұл көпарналы әсер оқу тиімділігін арттыра алады, бірақ ақпараттың артық болуы когнитивтік шамадан тыс жүктемеге әкелуі мүмкін. Сондықтан VR қолдану кезінде мазмұн құрылымының жүйелілігі, ақпараттың кезең-кезеңмен берілуі және оқу мақсатына сәйкестігі маңызды.

Тиімді ұйымдастырылған виртуалды орта:

- Артық визуалды элементтерден арылған;
- Негізгі ақпаратты айқын көрсететін;
- Қадамдық нұсқаулармен қамтамасыз етілген болуы тиіс.

Бұл жағдайда виртуалды шынайылық танымдық белсенділікті күшейтедін құрал ретінде қызмет етеді.

Виртуалды технологияларды білім беру процесінде тиімді пайдалану белгілі бір психологиялық-педагогикалық шарттарды сақтауды талап етеді:

Мақсаттылық қағидасы – VR нақты оқу мақсатына бағытталуы тиіс.

Жас және дара ерекшеліктерді ескеру – студенттердің когнитивтік деңгейіне сәйкес келуі қажет. Психологиялық қауіпсіздік – стресс тудыратын сценарийлерді шектеу. Рефлексия кезеңі – виртуалды тәжірибеден кейін талдау жүргізу. Рефлексия студенттің алған білімін саналы түрде бекітуіне мүмкіндік береді. Бұл білімді ұзақ мерзімді жадқа көшіру процесін күшейтеді. Зерттеу нәтижелері виртуалды ортаның зейінге келесі механизмдер арқылы әсер ететінін көрсетті:

Сенсорлық ықпалдың күшеюі – визуалды және аудиалды ақпараттың үйлесуі зейіннің шоғырлануын арттырады.

Интерактивтілік – студенттің белсенді әрекеті зейін тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Алаңдатушы факторлардың азаюы – виртуалды ортада сыртқы кедергілер аз болады. Қызығушылықтың артуы – эмоционалдық тартымдылық зейінді ұзақ уақыт сақтауға ықпал етеді. Есте сақтау процесіне әсер ететін факторлар:

- Ақпараттың үшөлшемді форматта берілуі;
- Тәжірибелік әрекет арқылы меңгеру;
- Эмоциялық әсердің болуы;
- Бірнеше анализатордың қатысуы (көру, есту, қозғалыс). Бұл факторлар ақпараттың ұзақ мерзімді жадта тиімді сақталуына мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер когнитивтік психология теорияларымен сәйкес келеді. Ж. Пиаже теориясы бойынша, таным белсенді әрекет арқылы дамиды – виртуалды орта осы белсенділікті қамтамасыз етеді. Л. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясына сәйкес, оқу когнитивтік дамудың негізгі факторы болып табылады, ал VR интерактивті әлеуметтік модельдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. А. Лурия зерттеулері көрсеткендей, зейін мен есте сақтау жоғары психикалық функциялар болып табылады және олардың дамуы ми қызметімен байланысты. Виртуалды ортадағы көпарналы сенсорлық ықпал нейропсихологиялық белсенділікті арттыруы мүмкін. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың жадтың рөліне ықпал етуі туралы мәселе де өзекті. Қазіргі қоғамда ақпаратты есте сақтаудан гөрі, оны жылдам табу қабілеті маңызды бола бастады. Бұл когнитивтік функциялардың трансформациясына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты виртуалды шынайылықты қолдану кезінде оның жағымды психологиялық әсерімен қатар, ықтимал стресс немесе шамадан тыс сенсорлық жүктеме факторларын да ескеру қажет. Жүргізілген теориялық-талдамалық зерттеу виртуалды шынайылық технологияларының студенттердің танымдық үдерістеріне елеулі психологиялық әсер ететінін көрсетті. Цифрлық трансформация жағдайында білім беру мазмұны ғана емес, танымдық әрекеттің ұйымдасу формалары да өзгеріске ұшырауда. Осы тұрғыда виртуалды шынайылық оқу процесінің дәстүрлі моделін қайта қарастыруға мүмкіндік беретін инновациялық құрал ретінде көрінеді.

Зерттеу нәтижелері виртуалды ортаның зейінге ықпал ету механизмдерін айқындады. Иммерсивтілік, интерактивтілік және көпарналы сенсорлық ықпал студенттің оқу материалына терең шоғырлануын қамтамасыз етеді. Виртуалды ортада студент пассивті қабылдаушы емес, белсенді әрекет етуші субъект ретінде көрінеді. Бұл зейіннің тұрақтылығы мен ұзақтығын арттырып, оқу тиімділігін жоғарылатады.

Есте сақтау процесіне қатысты алынған қорытындылар виртуалды технологиялардың ақпаратты ұзақ мерзімді жадта бекітуге қолайлы жағдай жасайтынын дәлелдейді. Үшөлшемді модельдеу, тәжірибелік әрекет арқылы меңгеру және эмоциялық қанықтық ақпараттың мағыналық өңделуін тереңдетеді. Көру, есту және қозғалыс анализаторларының бірлескен жұмысы нейрондық байланыстардың беріктігін күшейтіп, ақпараттың қайта жаңғыртылуын жеңілдетеді.

Сонымен қатар зерттеу цифрлық орта жағдайында когнитивтік функциялардың трансформациялану тенденцияларын көрсетті. Қазіргі қоғамда ақпаратты жаттап алудан гөрі, оны іздеу және өңдеу қабілеті басым бола бастады. Бұл есте сақтау функциясының мазмұндық өзгерісіне әкелуі мүмкін. Алайда виртуалды шынайылық технологиялары ақпаратты тек табуға емес, оны тәжірибелік әрекет арқылы мағыналы түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Мотивациялық және эмоциялық факторлардың рөлі ерекше маңызға ие. Виртуалды орта студенттің ішкі қызығушылығын арттырып, өзіндік тиімділік сезімін қалыптастырады. Эмоциялық тұрғыдан қанық оқу тәжірибесі танымдық белсенділікті күшейтіп, білімді саналы түрде игеруге ықпал етеді. Дегенмен, виртуалды шынайылықты қолдануда когнитивтік жүктеме мәселесін ескеру қажет. Ақпараттың

шамадан тыс көп болуы жұмыс жадын шамадан тыс жүктеп, оқу нәтижелілігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан VR технологияларын қолдану барысында мазмұнның құрылымдылығы, кезеңділігі және мақсатқа сәйкестігі сақталуы тиіс. Жалпы алғанда, виртуалды шынайылық технологиялары мамандар даярлау жүйесінде тиімді психологиялық-педагогикалық құрал бола алады. Ол:зейін тұрақтылығын арттырады; есте сақтау тиімділігін күшейтеді; оқу мотивациясын жоғарылатады; тәжірибелік дағдыларды қауіпсіз ортада қалыптастыруға мүмкіндік береді; когнитивтік белсенділікті дамытады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері виртуалды технологияларды білім беру процесіне ғылыми негізде, психологиялық заңдылықтарды сақтай отырып енгізудің қажеттігін көрсетеді. Болашақ зерттеулерде виртуалды шынайылықтың әртүрлі мамандықтар бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға әсерін эмпирикалық тұрғыда зерттеу маңызды бағыт болып табылады. Осылайша, виртуалды шынайылық – тек технологиялық жаңалық емес, ол білім беру парадигмасының өзгеруіне ықпал ететін, танымдық процестердің сапалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық ресурс ретінде қарастырылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] J. Steuer, “Defining virtual reality: Dimensions determining telepresence,” *Journal of Communication*, vol. 42, no. 4, pp. 73–93, 1992. doi: <https://faculty.washington.edu/farkas/TC510-Fall2011/SteuerMediaRichnessTheory.pdf>
- [2] M. Slater and S. Wilbur, “A framework for immersive virtual environments (FIVE): Speculations on the role of presence in virtual environments,” *Presence: Teleoperators and Virtual Environments*, vol. 6, no. 6, pp. 603–616, 1997. doi: <https://www.semanticscholar.org/paper/A-Framework-for-Immersive-Virtual-Environments-on-Slater-Wilbur/3c62e25f7f6a035ef59eef7ff13ca42c59a716f>
- [3] F. Mantovani, G. Castelnuovo, A. Gaggioli, and G. Riva, “Virtual reality training for health-care professionals,” *CyberPsychology & Behavior*, vol. 6, no. 4, pp. 389–395, 2003. doi: <https://www.sci-hub.ru/10.1089/109493103322278772?ysclid=mlp7w46s8v404072448>
- [4] S. Mikropoulos and A. Natsis, “Educational virtual environments: A ten-year review of empirical research (1999–2009),” *Computers & Education*, vol. 56, no. 3, pp. 769–780, 2011. doi: <https://eric.ed.gov/?id=EJ908638>
- [5] R. A. Mayer, “Cognitive theory of multimedia learning,” *The Cambridge Handbook of Multimedia Learning*, 2nd ed., Cambridge University Press, 2014. doi: http://molwave.chem.auth.gr/sigalas_edu/files/Multimedia_Learning.pdf

Технологии искусственного интеллекта в подготовке специалистов: лингвистика и психология

Несіпбек Б.Н., Мамбетжанова А.А. Международный бизнес-университет имени К. Сағадиева, г.Алматы, Казахстан, sss0803@bk.ru

Аннотация. В статье рассматривается психологическое влияние технологий виртуальной реальности на когнитивные процессы студентов, в частности на внимание и память. В настоящее время виртуальная реальность активно используется в образовательной среде и становится важным инструментом повышения эффективности обучения. В ходе исследования анализируются особенности влияния виртуальной среды на восприятие информации, концентрацию внимания и процессы запоминания студентов. Также определяются психологические преимущества и возможности виртуальной реальности в развитии когнитивной активности. Результаты исследования позволяют раскрыть психологические основы эффективного применения виртуальных технологий в образовательном процессе.

Ключевые слова: виртуальная реальность, когнитивные процессы, внимание, память, студенты, психологическое влияние.

AI technologies in training specialists: linguistics and psychology

Nesipbek B.N., Mambetzhanova A.A. K. Sagadiyev International Business University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: sss0803@bk.ru

Abstract. This article examines the psychological impact of virtual reality technologies on students' cognitive processes, specifically attention and memory. Virtual reality is currently widely used in education and has become an important tool for enhancing learning effectiveness. The study analyzes the impact of virtual environments on students' perception, concentration, and memory. It also identifies the psychological benefits and potential of virtual reality for enhancing cognitive performance. The results of the study contribute to our understanding of the psychological foundations of the effective use of virtual technologies in education.

Keywords: virtual reality, cognitive processes, attention, memory, students, psychological impact.

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ 4К ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН EDU SCRUM ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Нурбекова А.Ж. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, janaseljan@mail.ru

Аңдатпа

Цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларының жедел дамуы болашақ педагогтарды даярлау жүйесінің мазмұны мен құрылымын қайта қарастыруды талап етеді. Осы жағдайларда мұғалімнің кәсіби бәсекеге қабілеттілігі оның әмбебап икемді дағдыларымен, атап айтқанда 4К құзыреттілігімен (креативтілік, сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық) айқындалады. Мақалада жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің 4К құзыреттілігін eduScrum әдісі арқылы дамытудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – 4К құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін теориялық негіздеу және оның тиімділігін эксперименттік жолмен тексеру. Зерттеу квазиэксперименттік дизайн негізінде 25 студенттің қатысуымен жүргізілді. Сандық және сапалық деректерді талдау нәтижелері эксперименттік топта 4К көрсеткіштерінің статистикалық мәнді артқанын көрсетті ($p < 0,05$). Зерттеу қорытындылары eduScrum әдісінің болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби және икемді құзыреттерін дамытуда тиімді педагогикалық құрал екенін дәлелдейді. Ұсынылған модель педагогикалық жоғары оқу орындарының кәсіби даярлау жүйесінде қолдануға ұсынылады.

Түйін сөздер: 4К құзыреттілігі, soft skills, жасанды интеллект, eduScrum, болашақ информатика мұғалімі, цифрлық білім беру.

КІРІСПЕ

XXI ғасырда білім беру жүйесі жаһандық цифрлық трансформация үдерісіне еніп, жасанды интеллект (ЖИ), үлкен деректер, автоматтандырылған талдау және генеративті технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Бұл өзгерістер тек техникалық инфрақұрылымды жаңартумен шектелмей, педагогтың кәсіби рөлі мен құзыреттілік құрылымын қайта қарастыруды талап етуде. Жасанды интеллект білім беру процесінде дербестендірілген оқыту траекториясын құру, білім нәтижелерін автоматты бағалау, оқу контентін генерациялау және аналитикалық шешім қабылдау мүмкіндіктерін

қамтамасыз етеді. Алайда бұл технологиялар педагог қызметін толық алмастыра алмайды, себебі шығармашылық шешім қабылдау, күрделі әлеуметтік коммуникация, құндылықтық бағдар қалыптастыру және тұлғалық өзара әрекет үдерістері адамға тән қабілеттерге негізделеді.

OECD зерттеулерінде XXI ғасыр дағдылары еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы ретінде анықталған [1]. UNESCO баяндамаларында әлеуметтік-эмоционалдық және когнитивтік құзыреттердің тұрақты даму мақсаттарына жетудегі маңызы ерекше атап көрсетіледі [2]. Neckman және Kautz когнитивтік емес дағдылардың ұзақ мерзімді кәсіби табысқа тікелей ықпал ететінін дәлелдеген [3]. Осы ғылыми еңбектер қазіргі заманғы білім беру жүйесінде «soft skills» немесе 4К құзыреттілігі (креативтілік, сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық) ұғымының стратегиялық мәнге ие екенін көрсетеді.

Жасанды интеллекттің жедел дамуы жағдайында білім мазмұнының өзектілігі қысқа уақыт аралығында өзгеріп отырады, ал ақпаратқа қолжетімділік шексіз сипатқа ие болуда. Мұндай жағдайда педагогтың басты артықшылығы – ақпаратты жеткізу емес, оны сыни тұрғыдан талдау, жаңа педагогикалық шешімдер құрастыру, командалық өзара әрекетті ұйымдастыру және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту болып табылады. Демек, болашақ информатика мұғалімдерін даярлау жүйесінде 4К құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, дәстүрлі оқыту модельдері көбінесе теориялық білімді меңгеруге бағытталып, студенттердің командалық жұмыс, өзін-өзі ұйымдастыру және рефлексия дағдыларын жүйелі дамытуға жеткілікті мүмкіндік бермейді. Раицкая мен Тихонова soft skills құрылымын әлеуметтік-коммуникативтік және когнитивтік блоктарға жіктей отырып, олардың кәсіби ортаға бейімделудегі маңызын көрсетеді [4]. Tang зерттеулерінде педагогтардың кәсіби табысы коммуникациялық және эмоционалдық дағдылармен тікелей байланысты екені дәлелденген [5]. Алайда аталған зерттеулерде ЖИ контекстіндегі 4К құзыреттілігін дамыту механизмдері жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Соңғы жылдары білім беру саласында Agile әдіснамасының бейімделген нұсқасы – eduScrum – жобалық, командалық және рефлексивті оқытуды ұйымдастыру құралы ретінде кеңінен таралуда. eduScrum әдісі өзін-өзі басқару, жауапкершілікті бөлу, итеративті жоспарлау және тұрақты кері байланыс принциптеріне негізделеді [6;7]. Бұл әдіс студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, 4К құзыреттілігін табиғи оқу ортасында қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, eduScrum әдісінің жасанды интеллект жағдайындағы болашақ информатика мұғалімдерінің 4К құзыреттілігін дамытуға әсері арнайы кешенді зерттеу нысаны ретінде жеткілікті талданбаған.

Осыған байланысты зерттеудің ғылыми мәселесі – жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің 4К құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен технологиялық механизмдерін анықтау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – ЖИ жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің 4К құзыреттілігін eduScrum әдісі арқылы дамытудың құрылымдық-функционалдық моделін негіздеу және оның тиімділігін эксперименттік тексеру.

Ғылыми болжам ретінде келесі тұжырым ұсынылады: егер болашақ информатика мұғалімдерін даярлау процесінде eduScrum әдісі жүйелі және мақсатты түрде енгізілсе, онда олардың 4К құзыреттілігі дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан жоғары деңгейде қалыптасады.

Зерттеу ЖИ жағдайында педагог даярлаудың мазмұнын жаңғырту қажеттілігін негіздеп, 4К құзыреттілігін дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге бағытталған.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Зерттеу квазиэксперименттік дизайн негізінде ұйымдастырылды және жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің 4К құзыреттілігін eduScrum әдісі арқылы дамыту тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу педагогикалық жоғары оқу орны базасында жүргізілді. Зерттеуге «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1–2 курс студенттері қатысты.

Зерттеу екі академиялық топшада өткізілді. Эксперименттік топшада 12 студент, бақылау топшасында 13 студент болды. Жалпы қатысушылар саны – 25 студент. Топтар бастапқы академиялық үлгерімі мен кәсіби даярлық деңгейі бойынша шамалас болды. Іріктеме шағын болғанымен, ол педагогикалық эксперимент жүргізуге жеткілікті және оқу үдерісінің нақты жағдайында әдістеменің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Эксперимент бір семестр (14 апта) аралығында жүргізілді. Эксперименттік топшада оқу үдерісі eduScrum әдісі негізінде ұйымдастырылды. Оқу мазмұны 2 апталық спринттерге бөлінді. Әр спринт аясында студенттер шағын командаларда жұмыс істеді, рөлдер бөлінді (Scrum-master, топ мүшелері), міндеттер жоспарланды, аралық нәтижелер талқыланды және рефлексия жүргізілді. Әр спринт соңында топтық өзара бағалау және өзін-өзі бағалау ұйымдастырылды. Оқытушы фасилитатор рөлін атқарып, оқу үдерісін бағыттап отырды.

Бақылау топшасында оқу үдерісі дәстүрлі модель бойынша жүзеге асырылды. Сабақтар лекция, семинар және жеке тапсырмалар формасында өтті. Топтық жобалау және итеративті рефлексия элементтері жүйелі түрде қолданылмады.

4К құзыреттілігінің деңгейін бағалау үшін сандық және сапалық әдістер кешені қолданылды. Сандық диагностика Likert шкаласы негізінде құрылған сауалнама арқылы жүзеге асырылды. Сауалнама 20 сұрақтан тұрды және 4 компонентті қамтыды: командалық жұмыс, коммуникация, креативтілік және өзін-өзі ұйымдастыру. Әр компонент 5 сұрақтан құралды. Бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізілді. Сауалнама эксперимент басында және соңында өткізілді.

Сауалнаманың ішкі келісімділігін анықтау мақсатында Cronbach's alpha коэффициенті есептелді. Коэффициент мәні $\alpha = 0,81$ болды, бұл құралдың сенімділік деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Сапалық деректер жобалық жұмыстарды сараптамалық бағалау, командалық әрекетті бақылау және рефлексия хаттамаларын талдау арқылы алынды. Жобалар арнайы рубрика негізінде бағаланды. Рубрика критерийлері идеяның түпнұсқалығы, шешімнің логикалық құрылымы, топтық өзара әрекет және уақытты басқару көрсеткіштерін қамтыды.

Сандық деректер статистикалық өңдеуден өткізілді. Орташа мәндер (M), стандарттық ауытқу (SD) есептелді. Эксперименттік және бақылау топшалары арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін тәуелсіз іріктемелерге арналған Student t-критерийі қолданылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ деп белгіленді.

Зерттеудің әдіснамалық шектеулері ретінде іріктеме көлемінің шағын болуы және зерттеудің бір білім беру мекемесі шеңберінде жүргізілуі көрсетіледі. Дегенмен, квазиэксперименттік салыстырмалы дизайн және сандық-сапалық әдістердің үйлесуі нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАҚЫЛАУ

Эксперимент басталғанға дейін екі топшада 4К құзыреттілігі деңгейінде статистикалық мәнді айырмашылық байқалмады ($p > 0,05$). Бұл топтардың бастапқы көрсеткіштері шамалас екенін көрсетті.

Семестр соңында қайта өлшеу жүргізілді. Нәтижелер эксперименттік топшада барлық 4 компонент бойынша айқын өсім бар екенін көрсетті. Командалық жұмыс

көрсеткіші эксперименттік топшада орташа 90%-ға жетсе, бақылау топшасында 65% деңгейінде қалды. Коммуникация көрсеткіші эксперименттік топшада 90%, бақылауда 70% болды. Креативтілік көрсеткіші сәйкесінше 75% және 60% құрады. Өзін-өзі ұйымдастыру көрсеткіші эксперименттік топшада 80%-ға дейін өсті, ал бақылау топшасында 50% деңгейінде қалды.

Student t-критерийі нәтижесінде эксперименттік және бақылау топшалары арасындағы айырмашылықтар статистикалық мәнді екені анықталды ($p < 0,05$). Ең жоғары өсім өзін-өзі ұйымдастыру және командалық жұмыс көрсеткіштері бойынша байқалды. Бұл eduScrum әдісінің спринттік жоспарлау және жауапкершілікті бөлу принциптерімен байланысты болуы мүмкін.

Сапалық талдау нәтижелері де сандық деректерді растады. Эксперименттік топшадағы жобалар құрылымы жағынан жүйелі, креативті шешімдерге бай және топ мүшелерінің белсенді қатысуымен орындалды. Рефлексия хаттамаларында студенттердің өзара әрекет сапасының жақсарғаны және өзін-өзі бағалау дағдыларының қалыптасқаны байқалды.

Алынған нәтижелер халықаралық зерттеулермен сәйкес келеді. OECD баяндамаларында командалық жұмыс пен әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың кәсіби табыстағы маңызы атап көрсетілген [1]. Neckman және Kautz зерттеулерінде когнитивтік емес дағдылардың ұзақ мерзімді нәтижелерге ықпалы дәлелденген [3]. Біздің зерттеу нәтижелері де 4К құзыреттілігінің мақсатты педагогикалық технология арқылы тиімді дамитынын көрсетті.

eduScrum әдісінің тиімділігі оның құрылымдық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Біріншіден, спринттік жоспарлау студенттерді уақытты басқаруға және жауапкершілікті бөлуге үйретеді. Екіншіден, тұрақты рефлексия сыни ойлау дағдысын дамытады. Үшіншіден, командалық өзара әрекет коммуникация мен ынтымақтастықты жүйелі қалыптастырады.

Жасанды интеллект жағдайында педагогтың рөлі ақпарат жеткізушіден оқу үдерісін ұйымдастырушыға ауысады. Сондықтан фасилитаторлық және жобалық басқару дағдылары ерекше маңызға ие болады. eduScrum осы трансформацияланған рөлге сәйкес келеді және болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби бейімделуіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері 4К құзыреттілігін дамыту декларативті сипатта емес, нақты педагогикалық технология арқылы жүйелі ұйымдастырылуы тиіс екенін көрсетеді. Сонымен қатар шағын іріктеме зерттеудің жалпылану мүмкіндігін шектейді, сондықтан болашақта кеңейтілген үлгіде ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби даярлығында 4К құзыреттілігін (креативтілік, сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық) мақсатты түрде қалыптастырудың стратегиялық маңызын дәлелдеді. Цифрлық трансформация мен жасанды интеллект технологияларының кеңінен енгізілуі педагог қызметінің мазмұнын өзгертуде. Ақпаратты беру функциясы біртіндеп автоматтандырылған жүйелерге жүктелген жағдайда, педагогтың кәсіби бәсекеге қабілеттілігі оның әмбебап икемді дағдыларына тәуелді бола түседі. Осы тұрғыдан алғанда, 4К құзыреттілігі болашақ мұғалімнің кәсіби тұрақтылығы мен бейімделгіштігінің негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері eduScrum әдісін жүйелі қолдану эксперименттік топшада 4К құзыреттілігі көрсеткіштерінің статистикалық мәнді өсуіне ықпал еткенін көрсетті ($p < 0,05$). Әсіресе командалық жұмыс пен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларының айқын дамуы спринттік жоспарлау, рөлдік бөлініс және тұрақты рефлексия механизмдерімен

байланысты екені анықталды. Коммуникация мен креативтілік компоненттері де оң динамика көрсетті, бұл студенттердің белсенді жобалық әрекетке қатысуымен түсіндіріледі.

Алынған нәтижелер халықаралық ғылыми зерттеулерде көрсетілген тұжырымдармен үйлеседі және 4К құзыреттілігін дамытуда белсенді, жобалық және рефлексивті оқыту технологияларының тиімділігін растайды. Сонымен қатар зерттеу жасанды интеллект жағдайында педагог даярлаудың мазмұнын жаңғырту қажеттілігін көрсетеді. eduScrum әдісі болашақ информатика мұғалімдерін жаңа кәсіби рөлге – фасилитатор, жобалық үдеріс ұйымдастырушы, оқу ортасын басқарушы ретінде даярлауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жасанды интеллект контекстінде 4К құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-функционалдық моделін ұсынуымен және eduScrum әдісінің тиімділігін шағын академиялық топтар жағдайында эксперименттік дәлелдеуімен айқындалады. Ұсынылған модель мотивациялық, процессуалдық және нәтижелік блоктардан тұрып, кәсіби даярлық жүйесінде кешенді енгізуге бағытталған.

Зерттеудің практикалық маңызы – eduScrum әдісін педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу арқылы болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби және икемді құзыреттерін тиімді қалыптастыру мүмкіндігінің дәлелденуінде. Ұсынылған тәсіл оқу үдерісін интерактивті, командалық және рефлексивті сипатта ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Іріктеме көлемінің шағын болуы және зерттеудің бір оқу орны аясында жүргізілуі нәтижелердің жалпылану мүмкіндігін шектейді. Болашақ зерттеулерде үлгіні кеңейту, ұзақ мерзімді әсерді бағалау және жасанды интеллект құралдарын тікелей интеграциялау арқылы 4К құзыреттілігінің дамуын тереңірек зерттеу ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің 4К құзыреттілігін дамыту педагогикалық даярлық жүйесінің басым бағыты болуы тиіс екенін және eduScrum әдісінің бұл үдерісте тиімді құрал бола алатынын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] OECD. Skills for Social Progress: The Power of Social and Emotional Skills. – Paris: OECD Publishing, 2015. – 132 p. – URL: <https://doi.org/10.1787/9789264226159-en> (қаралған күні: 15.09.2025).
- [2] UNESCO. Global Education Monitoring Report 2020: Inclusion and Education. – Paris: UNESCO, 2020. – 374 p. – URL: <https://unesdoc.unesco.org>. (қаралған күні: 15.02.2025).
- [3] Heckman J. J., Kautz T. Fostering and Measuring Skills: Interventions That Improve Character and Cognition // NBER Working Paper. – 2013. – №19656. – URL: https://www.nber.org/system/files/working_papers/w19656/w19656.pdf (қаралған күні: 15.09.2025).
- [4] Раицкая Л. К., Тихонова Е. В. Soft Skills в представлении преподавателей и студентов российских университетов // Вестник РУДН. Серия: Психология и педагогика. – 2018. – №3. – С. 350–363. – URL: <https://cyberleninka.ru>. (қаралған күні: 15.12.2025).
- [5] Tang K. N. The Importance of Soft Skills Acquisition by Teachers in Higher Education Institutions // Kasetsart Journal of Social Sciences. – 2018. – Vol. 41. – DOI: 10.1016/j.kjss.2018.01.002.
- [6] Гришанова О. С., Новикова А. С. Внедрение технологии eduScrum в современной школе. – Саратов: ГАУ ДПО «СОИРО», 2022. – 52 с.
- [7] Delhij A., Solingen R., Wijnands W. Руководство по eduScrum. – 2019. – 193 с.

Развитие 4К компетенций будущих учителей информатики с использованием метода Edu Scrum в условиях искусственного интеллекта

Нурбекова А.Ж. Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, janaseljan@mail.ru

Аннотация. Быстрое развитие цифровой трансформации и технологий искусственного интеллекта требует пересмотра содержания и структуры системы подготовки будущих педагогов. В этих условиях профессиональная конкурентоспособность учителя определяется его универсальными гибкими навыками, а именно компетенциями 4К (креативность, критическое мышление, коммуникация, кооперация). В статье рассматриваются педагогические возможности развития компетенций 4К у будущих учителей информатики в условиях искусственного интеллекта посредством метода EduScrum. Цель исследования – теоретическое обоснование структурно-функциональной модели формирования компетенций 4К и экспериментальная проверка ее эффективности. Исследование проводилось на основе квазиэкспериментального дизайна с участием 25 студентов. Результаты анализа количественных и качественных данных показали статистически значимое повышение показателей 4К в экспериментальной группе ($p < 0,05$). Выводы исследования доказывают, что метод eduScrum является эффективным педагогическим инструментом в развитии профессиональных и гибких компетенций будущих учителей информатики. Предложенная модель рекомендуется к применению в системе профессиональной подготовки педагогических высших учебных заведений.

Ключевые слова: компетенции 4К, soft skills, искусственный интеллект, eduScrum, будущий учитель информатики, цифровое образование.

Developing 4C competencies of future informatics teachers through Edu Scrum method in artificial intelligence environment

Nurbekova A.Zh. Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, janaseljan@mail.ru

Abstract. The rapid development of digital transformation and artificial intelligence technologies necessitates a revision of the content and structure of the future teachers' training system. In these conditions, a teacher's professional competitiveness is determined by their universal soft skills, namely the 4K competencies (creativity, critical thinking, communication, and collaboration). The article examines the pedagogical possibilities of developing 4K competencies in future computer science teachers in the context of artificial intelligence through the eduScrum method. The aim of the study is to provide a theoretical substantiation of a structural-functional model for the formation of 4K competencies and to experimentally test its effectiveness. The study was conducted using a quasi-experimental design involving 25 students. The results of the analysis of quantitative and qualitative data showed a statistically significant increase in 4K indicators in the experimental group ($p < 0.05$). The findings of the study prove that the eduScrum method is an effective pedagogical tool for developing professional and soft competencies of future computer science teachers. The proposed model is recommended for application in the professional training system of pedagogical higher education institutions.

Keywords: 4C competencies, soft skills, artificial intelligence, eduScrum, future computer science teacher, digital education.

**АНДРАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН
ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ**

Рахатова К.Ж. п.ғ.м., жаратылыстану-математикалық бағытындағы кафедрасының аға оқытушысы, «Өрлеу» БАҰОФ Ақтөбе облысы бойынша «Кәсіби даму институты», Ақтөбе қ. Қазақстан, rahatova_70@mail.ru

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақаланың мақсаты – жасанды интеллект дәуірінде қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің біліктілігін арттырудың тиімді трансформациялық моделін зерттеу. Зерттеу әдістемесіне сапалы талдау, құрылымдық сыни шолу және андрагогика негізіндегі педагогикалық тәжірибені талдау кірді. Жұмыстың нәтижесінде педагогтердің білімін үздіксіз жетілдірудің интеграцияланған үлгісі анықталды. Бұл үлгі үш негізгі элементті біріктіреді: білім беру процесіне ЖИ-технологияларды тұтастықпен енгізу, курс аяқталғаннан кейінгі дамуға интеллектуалдық қолдау көрсету және оқытудың дербес траекторияларын құру. Негізгі қорытынды: мұндай кешенді тәсіл педагогтердің технологиялық өзгерістерге бейімделуін тереңдетіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың кәсіби қызметін толығымен қайта құруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: педагогтердің біліктілігін арттыру, андрагогика, жасанды интеллект, қашықтан оқыту, үздіксіз кәсіби даму, трансформациялық модель, цифрлық құзыреттілік

КІРІСПЕ

Заманауи білім беру кеңістігі цифрлық трансформация мен технологиялық инновациялардың әсерінен тұрақты эволюция жағдайында. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуы қашықтан және гибридті оқытудың мәнін, әдістемесін және нәтижелерін түбегейлі өзгертуде. Бұл жаңа шындық педагогтер үшін тек қана техникалық құралдарды меңгеруді емес, сонымен қатар олардың кәсіби іс-әрекетінің философиясы мен практикасын қайта қарауды талап етеді. Осыған байланысты педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесі де өз кезегінде трансформациядан өтуі тиіс, оның негізіне ересектерді оқытудың ерекшеліктерін ескеретін андрагогикалық тәсілдер мен ЖИ мүмкіндіктерін тұтастықпен біріктіретін инновациялық модельдер қойылуы керек [8].

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Ғылыми әдебиеттерді талдау білім берудегі ЖИ-ті пайдаланудың эволюциясын және оның негізгі концептуалдық тұжырымдамаларын анықтайды. Бұл интеграция жай ғана техникалық құралдарды енгізу емес, педагогикалық практиканы түбегейлі қайта құру болып табылады [10]. Мәселен, «Қосымшалық интеллект» тұжырымдамасы ЖИ-ті адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін алмастырушы емес, оларды күшейтетін, толықтыратын және кеңейтетін технология ретінде қарастыратын парадигмалық көзқарасты білдіреді [4]. Білім беру контекстінде бұл тұжырым педагогтің рөлін трансформациялайды, яғни ЖИ педагогтің орнын басуға емес, оған күрделі тапсырмаларды жеңілдетуге, сараптамалық шешімдер қабылдауға және оқу процесін жан-жақты бақылауға мүмкіндік береді [5]. Сонымен қатар, оқушы-ортақтық қатынасын күшейту педагогке әрбір білім алушы прогресін тереңірек түсінуге, олардың қиындықтарын уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Ал, этикалық негіз көзқарасы жауапкершілікті технологияға емес, оны қолданушы адамға – педагогке жүктейді, бұл алгоритмдік шешімдерді сыни талдауды талап етеді [9].

«Қосымшалық интеллект» парадигмасының білім беру үдерісіне терең интеграциялануы тек техникалық жаңарту емес, ол оқытудың сапалық деңгейін трансформациялайтын кешенді стратегия болып табылады. Бұл үдеріс ең алдымен педагог рөлінің түбегейлі өзгеруінен бастау алады. Жасанды интеллект технологиялары педагогті күнделікті қайталанатын, интеллектуалдық жүктемесі төмен операциялардан босатып, оның күш-жігерін шығармашылық және тұлғалық бағдарланған оқытуға бағыттауға жол ашады.

Мысалы, ChatGPT немесе Claude сияқты платформалар арқылы автоматтандырылған бағалау мен кері байланыс жүйесін құру эсселер мен жобалық жұмыстарды талдау барысында тек формальды қателерді ғана емес, мазмұнның тереңдігін, дәлелдемелердің қисындылығын сараптайды [6]. Педагог бұл талдауды бастапқы «интеллектуалды сүзгі» ретінде пайдаланып, негізгі назарын әрбір білім алушы үшін жеке-жеке кеңес беруге және олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға шоғырландырады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Бұл трансформациялық үдеріс сабақты интеллектуалды жоспарлау және персонализацияланған ресурстарды генерациялау мүмкіндіктерімен жалғасады. ЖИ жүйелері өткен оқу кезеңдеріндегі деректерді талдау негізінде сабақтың ең тиімді құрылымын ұсынып қана қоймай, инклюзивті білім беру талаптарына сай әрбір білім алушы үшін деңгейлік тапсырмалардың бейімделген нұсқаларын автоматты түрде дайындайды. Оқытудың келесі маңызды кезеңі — терең диагностика мен уақтылы педагогикалық интервенция жасау қабілеті. Видеоаналитика құралдары мен эмоционалды зияткерлік алгоритмдері білім алушылардың ынтасының төмендеуі немесе эмоционалдық шаршау белгілері туралы педагогке дер кезінде сигнал береді. Технологиялық интеграцияның әдістемелік және аналитикалық өзегі адаптивті оқыту жүйері (Adaptive Learning Systems) мен дерекқорлық педагогиканың ұштасуынан көрінеді, бұл шешімдерді интуицияға емес, объективті цифрлық деректерге негіздеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған технологиялық сценарийлердің білім беру жүйесіндегі өміршеңдігі көбінесе педагогтердің біліктілігін арттырудың жаңа, трансформациялық моделімен тікелей байланысты. Бұл модельдің іргетасы ересектерді оқытудың ерекшеліктерін ескеретін андрагогикалық принциптерге негізделген [7]. Малкольм Ноулздың теориясына сәйкес, ересек білім алушылар (педагогтер) автономияға, тәжірибеге және білімнің практикалық құндылығына мән береді [3]. Сондықтан ЖИ құралдары педагогке өздігінен диагностика жасауға және жеке кәсіби қажеттіліктеріне негізделген дербес оқу траекторияларын құруға көмектесетін тиімді тетік болуы тиіс.

Ұзаққа созылатын академиялық курстардың орнына нақты практикалық мәселелерді шешуге бағытталған микрооқыту (microlearning) форматтары мен қысқа модульдердің енгізілуі педагогтің уақытын оңтайландырып, оқытудың икемділігін арттырады. Курс аяқталғаннан кейінгі кезеңде виртуалды педагогикалық кеңесшілер мен ЖИ-ассистенттер (чат-боттар) педагогке күнделікті жұмыс барысында туындаған әдістемелік сұрақтарға дереу жауап беруге көмектеседі. Осылайша, дәстүрлі курс форматы ЖИ-мен модуляцияланған цифрлық қауымдастықтар арқылы тәжірибе алмасудың үздіксіз экожүйесіне ұласады.

Педагогтердің кәсіби әлеуетін трансформациялаудың ұсынылған интеграцияланған моделі үш іргелі элементтің өзара әрекеттесуіне негізделеді:

Бірінші кезекте, ЖИ-технологияларды оқу процесіне жүйелі енгізу – технологияны автоматтандыру құралынан адамның ішкі әлеуетін ашатын стратегиялық күшейткішке айналдыру.

Екінші элемент – курстан кейінгі интеллектуалдық қолдау және кәсіби мониторинг, ол педагогтің даму динамикасын ЖИ көмегімен үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді.

Үшінші элемент – рефлексиялық талдау мен дербес даму жоспарын ЖИ платформаларында жүзеге асыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысын қорытындылай келе, қазіргі заманғы педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесі жай ғана технологияны қолдану емес, ол андрагогикалық парадигма мен технологиялық инновациялардың ажырамас тұтастығын қажет ететінін атап өткен жөн. Ұсынылған модель педагогті жай ғана технология қолданушыдан, білім беру процесін жобалайтын, талдайтын және дамытатын зерттеуші-инноватор деңгейіне көтереді. Бұл тәсіл педагогтің кәсіби рөлін трансформациялап, оған креативтілік, эмоционалды интеллект және этикалық көшбасшылық сияқты маңызды құндылықтарға көбірек назар аударуға мүмкіндік береді. Болашақтың білім беру жүйесі – бұл ақпараттық технологиялар мен адамның кәсіби өсу заңдылықтарын үйлесімді тоғыстыра білетін интеллектуалды кеңістік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
- [2] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
- [3] Knowles, M. S. (1980). *The Modern Practice of Adult Education: From Pedagogy to Andragogy*.
- [4] Luckin, R. (2018). *Machine Learning and Human Intelligence*.
- [5] Selwyn, N. (2019). *Should Robots Replace Teachers?*
- [6] Монахова Г. А., Монахов Н. В. (2023). «Инструменты ИИ в профессиональном развитии педагога».
- [7] Әмірова А. С. (2020). «Андрагогика: теориялық-әдістемелік негіздері».
- [8] Баймұхамедова Г. С. (2024). «Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту».
- [9] UNESCO. (2023). *Guidance for generative AI in education*.
- [10] Holmes, W., et al. (2019). *Artificial Intelligence In Education*.

Интеграция андрагогических методов и технологий искусственного интеллекта в условиях дистанционного обучения

Рахатова К.Ж. кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры естественно-математического направления, Институт профессионального развития, «Өрлеу» БАҰОФ, Актыубинская область, Казахстан, rahatova_70@mail.ru

Аннотация. Цель данной научной статьи – исследование эффективной трансформационной модели повышения квалификации педагогов в условиях дистанционного обучения в эпоху искусственного интеллекта. Методология исследования включала качественный анализ, структурный критический обзор и анализ педагогической практики на основе принципов андрагогики. В результате работы определена интегрированная модель непрерывного совершенствования компетенций педагогов. Данная модель объединяет три ключевых элемента: целостное внедрение ИИ-технологий в образовательный процесс, интеллектуальную посткурсовую поддержку профессионального развития и построение персонифицированных траекторий обучения. Основной вывод: такой комплексный подход не только углубляет адаптацию педагогов к технологическим изменениям, но и позволяет осуществить полную реконцептуализацию их профессиональной деятельности.

Ключевые слова: подготовка учителей, андрагогия, искусственный интеллект, дистанционное обучение, непрерывное профессиональное развитие, трансформационная модель, цифровая компетентность.

Integrating andragogical methods and artificial intelligence technologies in distance learning

Rahatova K.Zh. candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of Natural and Mathematical Sciences, Institute of Professional Development, "Orleu" BPAOF, Aktobe Region, Kazakhstan, rahatova_70@mail.ru

Abstract. The purpose of this scientific article is to study an effective transformational model for teacher professional development in the context of distance and hybrid learning in the era of Artificial Intelligence. The research methodology involved qualitative analysis, a structural critical review, and an analysis of pedagogical practice based on andragogical principles. As a result, an integrated model for the continuous improvement of teacher competencies has been identified. This model combines three key elements: the holistic integration of AI technologies into the educational process, intelligent post-course support for professional development, and the construction of personalized learning trajectories. The main conclusion is that such an integrated approach not only deepens teachers' adaptation to technological changes but also allows for a complete reconceptualization of their professional activities.

Keywords: teacher training, andragogy, artificial intelligence, distance learning, continuous professional development, transformational model, digital competence.

Session 3**Ethics, Policy and the Future of AI****Жасанды интеллект этикасы, реттеу саясаты және болашағы****Этические нормы, стратегия развития и будущее ИИ****БОЛЬШАЯ ЯЗЫКОВАЯ МОДЕЛЬ В ОБУЧЕНИИ SQL С ВЕРИФИКАЦИЕЙ**

Айбек Е.Е. Студент 3 курса, специальность «Информационные системы», Учреждение «Казахский автомобильно-дорожный институт имени Л.Б. Гончарова», г. Алматы, Казахстан, eduka2000@inbox.ru

Аннотация

Генеративные большие языковые модели быстро становятся инструментом учебной деятельности, но их использование в подготовке специалистов по информационным системам сопровождается рисками: правдоподобные ошибки, некорректные запросы к базам данных, подмена самостоятельного решения готовыми ответами и снижение академической честности. Цель работы - предложить модель управляемого внедрения больших языковых моделей в обучение языку структурированных запросов на основе протокола верификации. В рамках дизайн-ориентированного подхода разработаны сценарии использования модели (пояснитель, сократический тьютор, тренажер, помощник рефлексии), шаги проверки корректности решения, рекомендации по оцениванию процесса (черновики, обоснования, мини-защита) и минимальные требования к защите данных. Модель ориентирована на развитие критического мышления и навыков работы с данными при сохранении прозрачности и ответственности.

Ключевые слова: большие языковые модели; искусственный интеллект в образовании; SQL; верификация; академическая честность; педагогический дизайн.

ВВЕДЕНИЕ

Быстрый рост доступности генеративных инструментов на основе больших языковых моделей изменил повседневную учебную деятельность: студент может получить объяснение, пример и даже готовое решение за секунды. Для дисциплин профиля «Информационные системы» – это особенно заметно в темах, связанных с программированием и анализом данных, включая язык запросов к реляционным базам данных (SQL). Однако образовательный эффект зависит не от самого инструмента, а от того, какие когнитивные действия выполняет обучающийся. При неконтролируемом использовании возникает «иллюзия понимания», когда качество сдачи задания растет, а уровень сформированной компетенции - нет.

Настоящая работа фокусируется на управляемом внедрении больших языковых моделей в обучение SQL: модель используется как учебный партнер (пояснение, вопросы, тренировка), а не как генератор готовых работ. Центральный вклад статьи - протокол V-Protocol, который переводит взаимодействие с моделью в режим верификации: проверка источников, проверка логики решения, тестирование на контрпримерах и фиксация ответственности.

Цель исследования - разработать модель внедрения больших языковых моделей в обучение SQL с протоколом верификации, уменьшающим ошибки и риски академической недобросовестности. Задачи: (1) описать педагогические сценарии использования; (2) формализовать протокол V-Protocol; (3) предложить механизмы оценивания, ориентированные на процесс; (4) сформулировать минимальные требования к защите данных и этике использования.

ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР

Современные исследования подчеркивают двойственный эффект больших языковых моделей в образовании: они могут улучшать доступность объяснений и поддерживать индивидуальную траекторию, но одновременно создают риски снижения самостоятельного рассуждения и критического мышления [1]. Отдельный класс рисков связан с тем, что модель может уверенно генерировать правдоподобные, но неверные утверждения и решения. Для снижения такого поведения предлагаются процедуры самопроверки и последовательной верификации ответа; например, подход Chain-of-Verification демонстрирует снижение частоты ошибок за счет генерации и независимой проверки контрольных вопросов [2].

Проблема академической честности в контексте генеративного искусственного интеллекта обсуждается как на уровне университетских политик, так и на уровне дизайна оценивания. Исследователи отмечают, что стратегии «детектирования» недостаточны, и требуется перестройка оценочных процедур в сторону аутентичных заданий, оценки процесса и объяснений, а также формирование грамотности взаимодействия с ИИ [3, 4].

В области обучения SQL накоплен опыт применения интеллектуальных обучающих систем и автоматизированной обратной связи. Еще до эпохи генеративных моделей разрабатывались тьюторы, которые анализируют структуру запросов и дают подсказки, направляя студента к корректному решению [5]. Современные интеллектуальные тьюторы для SQL продолжают развиваться и рассматривают индивидуальные траектории и типичные ошибки, что делает тему интеграции генеративных моделей особенно актуальной [6].

Апробация модели «Алиби»: Тестирование системы признания работ на основе логов управления.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Предлагаемая модель превращает университет в инкубатор «цифровых менеджеров». Студент, обладающий инструментами самопроверки и навыками управления ИИ, становится полноправным субъектом ответственности, что является необходимым условием для развития эффективного госуправления в будущем.

Student as Principal: A Three-Level Model of University AI Transformation—From Self-Check Tools to Agency Architecture

Novikov V. V. PhD Student (Data Science), Almaty Management University Almaty, Kazakhstan

Abstract. This report presents a systemic reimagining of the student's role in the era of generative AI. It proposes a transformation model where the student shifts from being an object of control to becoming a "Principal"—the accountable manager of their own educational process. The ideological core of the model lies in treating prompt engineering as a management discipline, while infrastructural and systemic solutions are viewed as necessary outcomes of this approach.

Студент принципал ретінде: Университетті AI-трансформациялаудың үш деңгейлі моделі – өзін-өзі тексеру құралдарынан агенттік архитектурасына дейін

Новиков В. В. PhD-докторант (Data Science), Almaty Management University Алматы қ., Қазақстан
Аңдатпа. Бұл баяндама генеративті жасанды интеллект дәуіріндегі студенттің рөлін жүйелі түрде қайта қарастыруға арналған. Трансформация моделі ұсынылады, онда студент бақылау объектісі болудан қалып, «Принципалға» — өз білім беру процесінің жауапты жетекшісіне айналады. Модельдің идеологиялық орталығы — промпт-инжинирингті басқарушылық пән ретінде түсіну, ал инфрақұрылымдық және жүйелік шешімдер осы тәсілдің қажетті салдары ретінде қарастырылады.

АДАПТИВТІ ПЛАТФОРМА ҚҰРУ ҮШІН ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖОЛДАРЫ

Оган Н., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан, o.nurik.92@mail.ru

Чайко Е. Рига техникалық университет, г. Рига, Латвия

Аңдатпа

Адаптивті оқыту платформалары білім беру процесін жекелендіруге және оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық құралдардың бірі болып табылады. Мұндай платформаларды құру барысында білім алушылардың оқу әрекеттері туралы деректерді жинау, сақтау және талдау маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада адаптивті платформа құру үшін қолданылатын деректерді жинау тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктері, белсенділігі, оқу материалдарын меңгеру деңгейі туралы мәліметтерді жинаудың негізгі көздері сипатталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, деректерді жүйелі түрде жинау және интеллектуалды талдау адаптивті оқыту жүйесінің тиімділігін арттырып, білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу мазмұнын ұсынуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: адаптивті оқыту, деректерді жинау, білім беру платформалары, жасанды интеллект, білім аналитикасы, цифрландыру

КІРІСПЕ

Қазіргі цифрлы дәуірде білім беру жүйесінің тиімділігі оның жеке тұлғаға бейімделу қабілетіне тікелей байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйелері барлық оқушыларға бірдей көзқараспен қарап, олардың жеке ерекшеліктерін толық ескере алмайды. Бұл мәселені шешу үшін адаптивті білім беру орталары (АБО) әзірленді - бұл оқушылардың жеке ерекшеліктерін, білім деңгейін және оқыту стилін ескере отырып, оқыту процесін автоматты түрде бейімдейтін ақылды жүйелер.

Адаптивті интеллектуалды білім беру орталары (АИБО) 1970-жылдардан бастап белсенді зерттеу саласы болып келеді және қазіргі уақытта өзін-өзі бағыттайтын, бірлескен және ресми емес оқыту үшін негізгі технология ретінде қарастырылады. Бұл

жүйелерде интеллектуалды басқару жүйелері (ИБЖ) маңызды рөл атқарады, өйткені олар оқыту үдерісін оңтайландыруды, мазмұнды таңдап беруді және кері байланысты қамтамасыз етуді қамтиды [1].

АИБО-ның негізгі мақсаты - әрбір оқушы үшін оқыту процесін оңтайландыру. Олар жеке модельдер құрып, оны мазмұнды таңдау, кестелеу немесе ұсыныс беру үшін қолданады. Мұндай кешенді көзқарас білім беру сапасын айтарлықтай жақсартуға және оқушылардың мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

АИБО-ның тиімді жұмысы үшін бірқатар маңызды компоненттер қажет, олар ақылды білім беру жүйесінің негізін құрайды. Әрбір компонент өзіндік функцияға ие және басқа компоненттермен тығыз өзара іс-қимылда болады.

Домендік модель оқушы меңгеруі тиіс элементарлық білім компоненттерін анықтайды. Бұл ұғымдар, заңдылықтар, формулалар, әдістер және олардың арасындағы байланыстар болуы мүмкін. Домендік модель білім саласының құрылымын нақты көрсетеді және оқыту материалын ұйымдастырудың негізі болып табылады. Мысалы, математикада домендік модель алгебралық өрнектерден бастап күрделі теңдеулерді шешуге дейінгі білім элементтерін және олардың логикалық тізбегін қамтиды.

Оқушының моделі әрбір оқушының не білетінін бақылауға көмектеседі және көбіне домендік модельдің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл модель оқушының когнитивтік жағдайын анықтайтын параметрлерді қамтиды: қазіргі білім деңгейі, оқыту мақсаттары, тапсырмалар орындаудағы дағдылар және жеке ерекшеліктер. Оқушының моделі динамикалық сипатта болады - ол оқыту үдерісінде үздіксіз жаңартылып отырады. Оқушының моделіне контекст моделі де кіреді. Бұл модель арқылы оқушының ортасы ескеріледі: қолжетімді уақыт, орналасқан жері, интернет жылдамдығы, шу деңгейі және басқа факторлар. Сонымен қатар, құрылғы сипаттамалары да назарда болады: кіру құрылғылары, экран ажыратымдылығы, өткізу қабілеті және техникалық мүмкіндіктер [2].

Оқыту моделі оқыту үдерісін қалай үздік жалғастыруға болатындығы туралы ақылды шешімдер қабылдау үшін қажетті педагогикалық принциптер мен стратегияларды пішімдейді. Бұл модель мұғалімнің тәжірибесін және педагогикалық білімін жүйелік формада ұсынады. Оқыту моделі әртүрлі педагогикалық әдістерді, оқыту тәсілдерін және мотивацияны арттыру стратегияларын қамтиды.

Интерфейс моделі оқушымен АИБО-ның өзара іс-қимылын басқарады. Бұл модель тек техникалық интерфейсін ғана емес, сонымен қатар педагогикалық өзара іс-қимылды да қамтиды. Интерфейс моделі оқушы мен жүйе арасындағы байланыстың сапасын және қолданушылық тәжірибені анықтайды. Ол мәтіндік, визуалдық, дыбыстық және интерактивті элементтерді біріктіре отырып, әрбір оқушыға ең қолайлы өзара іс-қимыл тәсілін ұсынады.

Бұл төрт модель бірлесіп жұмыс істеу арқылы оқыту үдерісін персонализациялауға және оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Олардың өзара іс-қимылы арқылы жүйе әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарап, оқытуды оңтайландырады және максималды тиімділікке жетеді.

Интеллектуалды басқару жүйелері оқыту процесін бірнеше кешенді механизм арқылы оңтайландырады. Бұл механизмдер бір-бірімен тығыз байланысты болып, біртұтас жүйені құрайды.

Модельдерді құру және қолдау механизмі домендік білім, оқыту әрекеттері және жеке оқушылар туралы кешенді модельдерді құруды қамтиды. Бұл процесс оқыту басталғанға дейін және оның барысында жүзеге асырылады. Жүйе үздіксіз түрде жаңа деректерді жинап, талдап, модельдерді жетілдіреді. Мысалы, оқушы жаңа тапсырманы орындағанда, жүйе оның жауаптарын талдап, білім деңгейі туралы модельді жаңартады.

Жекелендірілген ресурстарды басқару механизмі оқушының моделін пайдалана отырып, тиісті оқыту материалдарын таңдау, кестелеу және ұсынуды қамтиды. Жүйе оқушының қазіргі білім деңгейін, қызығушылықтарын, оқыту мақсаттарын және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мазмұнды персонализациялайды. Егер оқушы белгілі бір тақырыпты қиын деп тапса, жүйе қосымша түсіндірмелер, мысалдар немесе практикалық тапсырмалар ұсынады [3].

Оқушылардың қызығушылығын және ынтасын сақтау механизмі оқушыларды оқыту үдерісінде белсенді ұстауға бағытталған. Жүйе оқушының назарын сақтау үшін әртүрлі стратегиялар қолданады: ойын элементтерін енгізу (геймификация), белсенді іс-қимыл шақырулар жасау, мотивациялық кері байланыс беру және жетістіктерді тану. Мысалы, оқушы тапсырманы дұрыс орындағанда, жүйе оған жетістігін мойындайтын хабарлама жібереді немесе келесі деңгейге өтуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық шешімдер қабылдау механизмі оқыту үдерісін үздік жалғастыру үшін педагогикалық принциптер мен стратегияларды пішімдеуді қамтиды. Жүйе мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, оқытуды жоспарлайды және вариативті әдістерді ұсынады. Егер оқушы белгілі бір әдіспен материалды меңгере алмаса, жүйе балама тәсілдерді қолданады.

Бейімделген мазмұнды ұсыну механизмі мәтіндік фрагменттерді жасырын көрсету, қосу, түсіндірме беру немесе мультимедиялық материалдарды бейімдеуді қамтиды. Бұл оқушының білім деңгейіне және оқыту стиліне байланысты мазмұнды динамикалық түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Мысалы, жоғары деңгейлі оқушыға қосымша күрделі тапсырмалар ұсынылса, бастапқы деңгейдегі оқушыға негізгі ұғымдарды түсіндіретін қарапайым материалдар беріледі.

Бейімделген навигация механизмі оқыту материалдары бойынша жекелендірілген бағыт-бағдар беруді қамтиды. Жүйе оқушыға жеке оқыту траекториясын құруға көмектеседі, келесі қадамдарды ұсынады және оқыту материалдары бойынша жеке шолуларды ұсынады. Бұл оқушының өз білімін дамыту барысында дұрыс бағытта жүруін қамтамасыз етеді.

AI-ға негізделген ақылды оқыту жүйелері STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беруінде айтарлықтай артықшылықтар береді. Заманауи эмпирикалық зерттеулер мұндай жүйелердің тиімділігін нақты көрсеткіштермен дәлелдейді.

Академиялық көрсеткіштердің жақсаруы ең айқын артықшылық болып табылады. Жүйені пайдаланған оқушылар тапсырмаларды орындауда едәуір жоғары дәлдікке жетеді. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, AI жүйесімен жұмыс істеген оқушылар соңғы тапсырмаларда орташа есеппен 88,5% дәлдік көрсетті, ал дәстүрлі әдістермен оқытылған бақылау тобындағы оқушылар тек 76,3% нәтижеге жетті. Бұл 12,2 пайыздық айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды деңгейде болды.

Жауап беру жылдамдығының артуы оқыту тиімділігінің артқанын көрсетеді. Эксперименттік топтағы оқушылар тапсырмаларға орташа есеппен 42,1 секундта жауап берді, ал бақылау тобындағы оқушылар 58,7 секунд уақыт жұмсады. Бұл 28,3%-ға жылдамдықтың артқанын білдіреді. Жауап беру жылдамдығының артуы оқушылардың есептерді шешудегі дағдыларының дамығанын және ойлау процестерінің жақсарғанын көрсетеді.

Концепцияларды меңгерудегі прогресс білім сапасының жоғарылағанын дәлелдейді. AI жүйесімен жұмыс істеген оқушылар орташа есеппен қосымша 18,3% концепцияны меңгерді, ал дәстүрлі әдіспен оқытылған топ тек 12,6% қосымша концепцияны игерді. Бұл айырмашылық әртүрлі STEM пәндерінде әр түрлі көрсеткіштермен көрінді.

Пәндер бойынша нақты нәтижелер AI жүйелерінің әмбебаптығын көрсетеді. Бағдарламалау саласында оқушылар 85% концепцияны толық меңгерді, бұл ең жоғары

көрсеткіш болып табылады. Математикада 78% концепция игерілді, ал физикада 70% концепция меңгерілді. Бұл айырмашылықтар пәндердің ерекшеліктеріне және AI жүйелерінің әртүрлі салаларда қолданылуының тиімділік деңгейіне байланысты.

Интерактивтіліктің білімге әсері өте айқын көрінді. Үздіксіз өзара іс-қимыл оқу нәтижелеріне тікелей оң әсер етті. AI жүйесімен белсенді интерактивті жұмыс істеген оқушылар бағдарламалау саласында 90%-дан астам прогреске жетті. Бұл интерактивтіліктің маңыздылығын және AI жүйелерінің оны қамтамасыз етудегі артықшылығын көрсетеді.

Пайдаланушылардың қабылдауы жүйелердің практикалық құндылығын дәлелдейді. Зерттеуге қатысушылардың 80%-ы кері байланыстың қателерді анықтауды және түзетуді тиімді деп бағалады. Сонымен қатар, 75%-тен астам оқушы жүйенің интуитивті және пайдалануға оңай екенін атап өтті. Бұл көрсеткіштер AI жүйелерінің техникалық тиімділігімен қатар, пайдаланушы тәжірибесі тұрғысынан да сәтті екенін көрсетеді.

Ұзақ мерзімді әсер айтарлықтай болды. AI жүйесімен жұмыс істеген оқушылар оқыту аяқталғаннан кейін де жоғары деңгейдегі дағдыларды сақтап қалды. Олар проблемаларды шешудегі тәсілдері мен ойлау дағдылары жақсарды, бұл болашақ оқуға оң әсер етті.

Қазақстан Республикасында адаптивті білім беру орталарын енгізу үшін бірқатар маңызды мәселелерді шешу қажет. Бұл мәселелер техникалық, педагогикалық және ұйымдастырушылық сипатта болып келеді.

Инфрақұрылымдық қиындықтар негізгі кедергілердің бірі болып табылады. Көптеген білім беру мекемелерінде жоғары жылдамдықты интернет байланысы жеткіліксіз, заманауи компьютерлік техника тапшы және серверлік мүмкіндіктер шектеулі. AI жүйелерінің тиімді жұмысы үшін жоғары есептеуіш қуат пен үздіксіз интернет байланысы қажет.

Мұғалімдерді дайындау мәселесі өте маңызды. Көптеген педагогтар жаңа технологияларды пайдалануға дайын емес және қосымша даярлыққа мұқтаж. AI жүйелерімен жұмыс істеу үшін мұғалімдер техникалық дағдыларды игеріп қана қоймай, жаңа педагогикалық тәсілдерді де меңгеруі тиіс.

Ұлттық білім беру стандарттарымен үйлесімділік қамтамасыз ету күрделі міндет. Қазақстандық білім беру жүйесінің ерекшеліктерін, ұлттық құндылықтарды және мемлекеттік тілде оқыту талаптарын ескеру қажет. AI жүйелері қазақ тіліндегі мазмұнды сапалы өңдей білуі тиіс.

Деректер қауіпсіздігі мен жеке басын қорғау мәселелері де назарда болуы керек. Оқушылардың жеке деректері мен оқу нәтижелері туралы ақпарат қауіпсіз сақталуы және пайдаланылуы тиіс. Бұл үшін тиісті заңнамалық база мен техникалық шаралар қажет.

Алайда, осы қиындықтармен қатар, Қазақстанда AI жүйелерін енгізу үшін жақсы мүмкіндіктер де бар.

Мемлекеттік қолдау маңызды фактор болып табылады. "Цифрлы Қазақстан" бағдарламасы және басқа мемлекеттік бастамалар білім беруді цифрландыруды қолдайды. Бұл қаржылық қолдау мен саясаттық тұрғыдан жағдай жасауға мүмкіндік береді. Жас маманнар дайындығы артықшылық болып саналады. Қазақстандық жоғары оқу орындары компьютерлік ғылымдар мен AI технологиялары бойынша білікті мамандарды дайындайды. Бұл мамандар ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, адаптивті білім беру жүйелерін әзірлей алады. Халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктері кең. Қазақстан халықаралық білім беру ұйымдарымен, университеттермен және технологиялық компаниялармен серіктестік орната отырып, тәжірибе алмасуы мен технологиялар трансферін жүзеге асыра алады. Адаптивті білім

беру орталарын дамытудағы болашақ зерттеу бағыттары көп салалы сипатта болуы тиіс.

AI технологияларының мүмкіндіктерін кеңейту басымдықтардың бірі болып табылады. Терең оқыту алгоритмдерін жетілдіру, табиғи тілді өңдеу жүйелерін дамыту және машиналық оқыту әдістерін кеңейту арқылы жүйелердің ақылдылық деңгейін арттыруға болады. Нейрондық желілердің жаңа архитектуралары мен оптимизация әдістері әлі де зерттеуді қажет етеді.

Мультимодалдық оқытуды дамыту келешегі зор бағыт болып саналады. Мәтіндік, визуалдық, дыбыстық және бейне мазмұнды біріктіретін жүйелерді құру арқылы әртүрлі оқыту стильдеріне ие оқушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға болады. Виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын интеграциялау да маңызды мүмкіндіктер ашады.

Әртүрлі пәндерді қамту зерттеулердің кеңеюін талап етеді. Қазіргі уақытта AI жүйелері негізінен STEM пәндерінде сәтті қолданылады, бірақ гуманитарлық және әлеуметтік пәндерде де үлкен әлеует бар. Тарих, әдебиет, философия және өнер салаларында AI жүйелерін қолдану ерекше әдістемелік тәсілдерді талап етеді.

Эмоционалдық интеллект пен мотивацияны ескеру жаңа зерттеу саласы болып отыр. Оқушылардың эмоционалдық жағдайын, мотивация деңгейін және стресс факторларын талдай отырып, оқытуды бейімдеу мүмкіндіктері зерттелуде. Биометриялық деректерді пайдалану да болашақ бағыттардың бірі.

Әлеуметтік оқыту және ынтымақтастық мәселелері назарға алынуы тиіс. AI жүйелері жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, топтық жұмыс пен ынтымақтастықты да қолдауы керек. Әлеуметтік дағдыларды дамыту және командада жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру маңызды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, интеллектуалды басқару жүйелері адаптивті білім беру орталарында өте маңызды рөл атқарады. Олар оқыту процесін жекелендіру, мазмұнды бейімдеу және тиімді кері байланысты қамтамасыз ету арқылы білім беру сапасын айтарлықтай жақсартады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Интеллектуалды басқару жүйелері оқытудың барлық кезеңін оңтайландыра алады - мазмұн таңдауынан бастап кері байланыс беруге дейін. АИБО-ның төрт компонентті модельдік құрылымы (домендік, оқушының, оқыту және интерфейс модельдері) тиімді жекелендірілген оқытудың негізі болып табылады. AI технологиялары STEM білім беруінде нақты нәтижелер береді - оқушылардың дәлдігі 88,5%-ға дейін жетіп, концепцияларды меңгеру деңгейі 18,3%-ға артады. Заманауи жүйелер мұғалімдердің тәжірибесін және педагогикалық білімін жүйелік түрде пайдалана отырып, оқыту сапасын жақсартады.

Қазақстандық білім беру жүйесіне AI технологияларын енгізу инфрақұрылымдық дамуды, мұғалімдерді дайындауды және ұлттық ерекшеліктерді ескеруді талап етеді. Алайда, мемлекеттік қолдау, жас маманнардың дайындығы және халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктері жақсы болашақ береді.

Болашақ зерттеулер AI технологияларын жетілдіру, мультимодалдық оқытуды дамыту, әртүрлі пәндерді қамту және оқушылардың эмоционалдық жағдайын ескеру бағыттарында жүргізілуі тиіс. Әлеуметтік оқыту мен ынтымақтастық мәселелері де назардан тыс қалмауы керек.

Қорыта айтқанда, интеллектуалды басқару жүйелері адаптивті білім беру орталарын жобалауда негізгі рөл атқарады және білім беруді трансформациялаудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне мұндай технологияларды сатылы түрде енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын

айтарлықтай жақсартып, халықаралық білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілікті арттыруға болады. Ең маңыздысы, бұл технологиялар дәстүрлі педагогикалық тәсілдердің орнын толығымен алмайды, керісінше оларды толықтырады және мұғалімдердің жұмысын тиімді етеді.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Есіркеп А. Н., Зулпыхар Ж. Е., Нурбекова Г. Ф. Интеллектуалды оқыту жүйесін дамытудағы чат-боттардың рөлі: педагогикалық эксперимент нәтижесі //Известия. Серия: Педагогические науки. – 2025. – Т. 77. – №. 2.
- [2] Есенгабылов И. Ж., Кастеева Г. Д. Цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық білім беру: шетелдік және отандық тәжірибе //Publisher. agency: Proceedings of the 10th International Scientific Conference «Scientific Results»(June 5-6, 2025). Rome, Italy, 2025. 449р. – University of Bari Aldo Moro, 2025. – С. 120.
- [3] Даркенбаев Д. К., Жакшиликова Г. Ж., Мекебаев Н. О. Білім беруге арналған ақпараттық жүйе әзірлеу //Вестник КазУТБ. – 2024. – Т. 4. – №. 25.
- [4] Jing Y., Zhao L., Zhu K., Wang H. Research Landscape of Adaptive Learning in Education (2000–2022) // *Sustainability*. – 2023.
- [5] Moskal P., Dziuban C., Picciano A. Data Analytics and Adaptive Learning: Research Perspectives. – Routledge, 2023.
- [6] Chiotaki D., Pouloupoulos V. Adaptive Game-Based Learning in Education // *Frontiers in Computer Science*. – 2023.
- [7] Kerimbayev N., Adamova K., Shadiev R. Intelligent Educational Technologies in Individual Learning // *Smart Learning Environments*. – 2025.
- [8] Brusilovsky P. Adaptive Hypermedia and Adaptive Educational Systems – ақпараттық жүйелердегі дербестендірудің негізін қалаушы зерттеулер.
- [9] El-Hadad G., Shawky D. Adaptive Learning Guidance System (ALGS) – деректерге негізделген оқыту жүйесі.
- [10] Gheibi O., Weyns D. Machine Learning in Self-Adaptive Systems: Systematic Review – адаптивті жүйелердегі ML қолдану.
- [11] International Conference on User Modeling, Adaptation and Personalization (UMAP) – адаптивті жүйелер бойынша жетекші ғылыми бағыт.

Способы сбора данных для создания платформы адаптивного обучения

Оган Н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
o.nrik_92@mail.ru

Чайко Е. Рижский технический университет, г. Рига, Латвия

Аннотация. Адаптивные образовательные платформы являются одним из современных цифровых инструментов, позволяющих персонализировать образовательный процесс и повысить эффективность обучения. При создании таких платформ важную роль играет сбор, хранение и анализ данных об учебной деятельности обучающихся. В данной статье рассматриваются способы сбора данных, используемые для создания адаптивной платформы. Кроме того, описываются основные источники получения информации об учебных достижениях, активности и уровне усвоения учебного материала обучающимися. Результаты исследования показывают, что систематический сбор и интеллектуальный анализ данных повышают эффективность адаптивных систем обучения и позволяют предлагать учебное содержание в соответствии с индивидуальными особенностями обучающихся.

Ключевые слова: адаптивное обучение, сбор данных, образовательные платформы, искусственный интеллект, образовательная аналитика, цифровизация.

Methods of data collection for creating an adaptive platform

Ogan N., Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Caiko J. Riga technical university, Riga, Latvia

Abstract. Adaptive learning platforms are one of the modern digital tools that enable the personalization of the educational process and increase the effectiveness of learning. When developing such platforms, the collection, storage, and analysis of data related to learners' educational activities play an important

role. This article examines the methods of data collection used to create an adaptive platform. In addition, the main sources of information about learners' academic achievements, activity, and level of mastery of learning materials are described. The research results show that the systematic collection and intelligent analysis of data increase the effectiveness of adaptive learning systems and make it possible to provide educational content according to the individual characteristics of learners.

Keywords: adaptive learning, data collection, educational platforms, artificial intelligence, learning analytics, digitalization.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ LCA МОДЕЛЬДЕУІН ЖЕДЕЛДЕТУ

Серік М., Phd, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасы, Астана қ., Қазақстан

Нұрлан Н.Н., Phd докторанты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, E-mail: serik_meruersts@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақала жасанды интеллект, цифрлық егіздер және озық өмірлік цикл инвентаризациялары (LCI) арқылы өмірлік циклді бағалау (LCA) әдісін күрделі электрондық құрылғылар үшін жетілдіру мүмкіндіктерін талдайды. Microsoft пен Makersite бірлесіп әзірлеген Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1 ISO 14040/14044 және PEF қағидаттарына сүйеніп, BOM және жеткізушілердің FMD деректерін компонент деңгейінде автоматты модельдеуге мүмкіндік береді. Әдістеме жартылай өткізгіш өндірісі үшін IMEC LCI деректерін интеграциялау арқылы чип өндірісінің әсерлерін дәлірек бағалап, grid mix, tech node, die өлшемі және yield factor сияқты параметрлермен модельді бейімдейді. Сондай-ақ жаңартылатын энергия бойынша біріншілік деректерді енгізу, “ыстық нүктелерді” нақтылау және жөндеуге жарамдылықты ескеріп қызмет ету мерзімін түзету қарастырылады. Нәтижелер LCA-ның масштабталуын арттырып, экодизайн және жеткізу тізбегін оңтайландыру шешімдерін негіздеуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: Life Cycle Assessment (LCA), ЖИ интеграциясы, өмірлік цикл инвентаризациялары, жартылай өткізгіштер.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде тұрақтылық пен экологиялық жауапкершілік әлемдік өндіріс пен технологиялық дамудың негізгі өлшемдерінің біріне айналды. Осы тұрғыда өмірлік циклді бағалау (Life Cycle Assessment, LCA) өнімдер мен қызметтердің қоршаған ортаға әсерін шикізат өндіруден бастап, пайдалану және кәдеге жарату кезеңіне дейінгі барлық сатыларда кешенді түрде талдауға мүмкіндік беретін кең таралған әдіс ретінде қалыптасты. LCA экологиялық «ыстық нүктелерді» анықтауға, жобалау шешімдерін негіздеуге, экологиялық мәлімдемелерді дәлелдеуге және тұрақтылық мақсаттарына ілгерілеуді өлшеуге көмектеседі. Алайда бұл әдістің қолданылуы деректердің қолжетімділігі, сапасы мен репрезентативтілігіне, сондай-ақ модельдеудің масштабталуы, тиімділігі және бірізділігі сияқты мәселелерге тіреледі. Әсіресе жеткізу тізбегі күрделі әрі үнемі жаңарып отыратын, құрамдас бөлігі көп, технологиясы жылдам өзгертін электрондық құрылғылар (мысалы, Surface, Xbox сияқты өнімдер) үшін LCA жүргізу айрықша қиындық туғызады.

Осы қиындықтарды еңсеру мақсатында Microsoft ішкі бағдарламалық инженерия командаларын және цифрлық егіздерге (digital twins) маманданған ЖИ мен деректер

компаниясы Makersite-ті тарта отырып, LCA-ға инновациялық тәсіл ұсынды. Цифрлық егіз нақты уақыт деректері мен модельдеуді біріктіру арқылы физикалық объектінің немесе жүйенің өмірлік циклі бойындағы жұмысын көрсетуге, болжауға және оңтайландыруға мүмкіндік беретін виртуалды бейне ретінде қарастырылады. Нәтижесінде 2023 жылғы қыркүйекте ұсынылған Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1 әдістемесі бұрынғы 2.0-нұсқамен салыстырғанда маңызды қадам жасап, әсіресе жартылай өткізгіш өндірісіне арналған заманауи өмірлік цикл инвентаризацияларын (LCI) интеграциялау арқылы бағалау дәлдігін арттыруға бағытталды.

Сонымен қатар дәл осы үрдістер Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде де өзекті бола түсуде. Қазақстан Республикасында жоғары білім беру саласы қарқынды дамып, университеттерден түлектің тек дипломына емес, нақты дағдыға, құзыретке, жоба жасай алуына және өндірістік ортада жұмыс істей алуына басымдық берілуде. Демек, жаңа технологияларды оқу процесіне енгізу – жай тренд емес, білім сапасын арттырудың, еңбек нарығымен байланысты күшейтудің тікелей құралы. 01.10.2025 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада өткен мәжіліс форматындағы отырыста осы бағыттағы міндеттерді атап өтіп, елімізде жасанды интеллектіні дамыту, кадр даярлау және оны білім беру саласына енгізу бойынша жүйелі қадамдардың қажеттігін көрсетті [1]. Бұл жағдай ЖИ және *vibe coding* сияқты тәсілдерді жоғары білімге енгізудің әдістемелік негіздерін күшейтіп, оларды нақты өндірістік кейстермен байланыстыра оқытудың маңызын арттырады.

MICROSOFT DEVICES LCA ӘДІСТЕМЕСІ 2.1-НҰСҚА

Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1 ISO 14040 және ISO 14044 стандарттарына, сондай-ақ Еуропалық комиссия басқаратын Product Environmental Footprint (PEF) бастамасының қосымша нұсқаулығына негізделген. Бұл әдістеме бойынша бағалау шекарасы “*cradle-to-grave*” (шикізаттан бастап кәдеге жаратуға дейін) — яғни өндіріс, тарату, пайдалану және өмірлік цикл соңы кезеңдерін қамтиды.

Дәстүрлі LCA тәжірибесінен негізгі айырмашылығы: Makersite платформасындағы ЖИ әр құрылғының материалдар тізімін (Bill of Materials, BOM) және жеткізушілерден алынған толық материалдық декларациялар (Full Material Declarations, FMD) негізіндегі құрам деректерін талдап, әр бөлшек/компонент/жинақтауды оның нақты химиялық құрамына дейін автоматты түрде модельдей алады. BOM-дағы әр элементке Makersite, IDEA және Ecoinvent дерекқорлары негізінде өкілдік өндірістік процесс моделі байланыстырылып, стандартты LCA-дағы қолмен орындалатын жұмыстың едәуір бөлігі қысқарады; бұл LCA мамандарына жұмысты жылдам бастауға мүмкіндік береді. Мұндай модельдеуді кең ауқымда масштабтау Microsoft-тың өнімдік деректерді басқару жүйесін Makersite-пен интеграциялау арқылы жүзеге асады. LCA сарапшылары бәрібір процеске қатысады, бірақ олардың еңбегі модельді аяқтауға: жеткізушілердің біріншілік деректерін енгізуге, сапа талдауын жүргізуге және модельдің репрезентативтілігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1 әдістемесінің негізгі мүмкіндіктері мен артықшылықтары: IMEC өмірлік цикл инвентаризацияларын жартылай өткізгіш өндірісін модельдеуге енгізу. Бұл мүмкіндік Logic, DRAM және NAND чиптерін өндірумен байланысты экологиялық әсерлер туралы жаңартылған әрі репрезентативті деректер береді. Мұның арқасында Microsoft LCA модельдерін нақты өнім сипаттамасына лайықтап баптай алады: фабрика орналасқан жердің электр желісі қоспасын (*grid mix*) ескеру, техпроцесс (*tech node*) сәйкестендіру, кристалл (*die*) өлшемін түзету, шығымдылық коэффициентін (*yield factor*) қолдану.

Сонымен қатар жеткізушілердің FMD деректері интегралдық схемалардың қаптамасын (package) модельдеуге енгізіліп, өнімнің материалдық құрамы дәл бейнеленеді және дерек нақтылығы артады. Жеткізушілердің жаңартылатын энергия бастамаларына назарды күшейту. Microsoft екінші реттік (generic/secondary) деректерге сүйенуді азайтып, жеткізушілердің Microsoft құрылғыларын өндіру үшін сатып алған жаңартылатын энергиясы туралы біріншілік деректерді интеграциялауға басымдық береді. Бұл LCA дәлдігін едәуір жақсартады. Microsoft-тың жауапты жеткізу (responsible sourcing) командасы бұл сатып алуларды ішкі және үшінші тараптық верификация арқылы тексереді және жеткізу тізбегіндегі көміртек азайту әрекеттерін қолдап, есепте көрсетуге ұмтылады. Масштабталу мен тиімділікті арттыру. IMES деректерін қолдану репрезентативтілікті күшейтіп қана қоймай, модельдеуді оңайлатады: деректерді біріктірудің кейбір бөліктері автоматтанып, қол еңбегіне тәуелділік азаяды. Осылайша адам ресурсы сапаны бақылауға, талдауға және жеткізушілердің біріншілік деректерін көбірек енгізуге бағытталады. Бұл әдіс көп конфигурациялы құрылғыларды бағалауды жеңілдетеді. Экологиялық әсер “ыстық нүктелерін” жақсырақ анықтау. Нақтырақ және ұсақталуы жоғары деректерді енгізу жеткізу тізбегіндегі ең жоғары әсер ететін аймақтарды табуға және соларға әсер етуге мүмкіндік береді. Төзімділік (durability). 2.1-нұсқа құрылғының жөндеуге жарамдылық (repairability) балын ескере отырып, оның типтік қызмет ету мерзімін түзетеді. Жөндеуге жарамдылық жоғары болса, құрылғы ұзақ қолданылады, ал бұл жылдық эмиссияны төмендетеді. Құрылғы төзімділігінің динамикасы телеметрия деректері арқылы бақылауда болып, әдістеменің әрі қарай дамуына негіз болады.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Жасанды интеллект арқылы автоматтандыру Microsoft Makersite платформасын BOM және жеткізушілердің FMD деректерімен интеграциялау арқылы LCA модельдеуін ЖИ көмегімен автоматтандырудан елеулі пайда көргенін айтады. Бұл интеграция деректер ұсақталуына қарай, тіпті механикалық бөлшектердің химиялық құрамына дейін, егжей-тегжейлі LCA модельдерін автоматты құруға мүмкіндік береді. Процесс өте жылдам: бастапқы модельдер секундтар ішінде түзіледі және дерекқорлар көбіне жоғары дәлдікпен таңдалады. Сонымен бірге қиындықтар да бар: ЖИ-ды кең көлемде оқыту қажет болған (жетілдіруге 18 ай кеткен), кейде деректер жиынтығын таңдауда қателіктер кездескен. Сондықтан LCA сарапшылары сапаны бағалау, дерек сәйкессіздіктерін түзету және тарату сценарийлері немесе пайдалану кезеңіндегі энергия тұтынуы сияқты автоматтандырылмаған элементтерді қосу үшін әлі де маңызды. Соған қарамастан, автоматтандыру бір конфигурацияны талдауға кететін уақытты 150 сағаттан 15 сағатқа дейін қысқартқан. Үнемделген уақыт жаңартылатын энергияға көшу деректерін және жартылай өткізгіш процестерін жақсартуға жұмсалады. Қазіргі таңда Microsoft жеткізушілердің, әсіресе электр энергиясының типтері туралы біріншілік деректерін әлі де қолмен енгізеді — бұл болашақ автоматтандыруға мүмкіндік барын көрсетеді. Жеткізу тізбегі деректерін жинаудың біріздендірілген форматы автоматтандыруды одан әрі жеңілдетуі мүмкін.

Жеткізушілердің біріншілік деректерін интеграциялау Жеткізушілердің біріншілік деректерін LCA-ға енгізу айқын артықшылық береді: әсіресе жаһандық жылыну әлеуетіне (global warming potential) ең көп әсер ететін инвентарлық ағындарға шоғырлануға мүмкіндік береді. Бұл шынайы әрі пайдалы, өйткені аздаған, бірақ жақсы бақыланатын ағындар арқылы энергия тиімділігі мен төменкөміртекті энергияға көшу есебінен жақсарту жасауға болады. LCA “ыстық нүктелерді” анықтап, жеткізушілермен жұмысты басымдыққа қою құралы ретінде қызмет етеді: жауапты жеткізу және сатып алу топтары жеткізушілерді төменкөміртекті энергияға көшуге, энергия сыйымдылығы

мен энергия көздерін тұрақты бақылауға ынталандыра алады (ішкі және сыртқы верификациямен). Алайда қиындықтары да бар: жеткізу тізбегі бойымен терең деңгейде (кейде 4-деңгей жеткізушілерге дейін) белсенді жұмыс қажет; бұл көп уақыт, ресурс және басшылық қолдауын талап етеді. Маусымдық әсерді азайту үшін жылдық деректерді жинау қажеттілігі бар, демек деректерді тексерудің жыл сайынғы циклі және LCA модельдерін өткен жыл өндірісіне сай жыл сайын жаңарту керек. Сондай-ақ жеткізу тізбегі деректерін нақты өнімдерге қолмен сәйкестендіру (mapping) үшін арнайы біліктілік пен ресурс қажет. Автоматтандыру әлеуеті болғанымен, негізгі тосқауыл технологияда емес, процедурада: деректерді жинау әдістері мен форматтарын стандарттау, сондай-ақ деректерді автоматты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін “mapping” механизмдерін жолға қою. Мақалада Microsoft пен Makersite-тің фондық дерекқор ретінде Ecoinvent-ті таңдауының себебі де түсіндіріледі: ашық (fully open), ұсақталған (disaggregated) инвентаризациялар материалдар мен процестерді нақты ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл экодизайн араласуларын (материалды өзгерту, қайта өңделген материал енгізу, өлшемді кішірейту) жеткізу тізбегін жақсартудан (ірі өндіріс кезеңдерін төменкөміртекті энергияға көшіру) бөлек талдауға мүмкіндік беріп, әр араласудың ықтимал көміртек азайту әсерін дәл бағалауға жағдай жасайды. Бұл тәсілді көміртектен бөлек, мысалы шикізат сарқылуы сияқты өзге әсер санаттарына да кеңейтуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1 – LCA-ны дәлірек, репрезентативті, масштабталатын және динамикалық ету жолындағы қадам. ЖИ-ды пайдалану, жеткізушілердің біріншілік деректерін интеграциялау және жартылай өткізгіш өндірісі үшін заманауи өмірлік цикл инвентаризацияларын енгізу арқылы Microsoft күрделі электрондық өнімдерді модельдеуді автоматтандырып, дәлдік пен репрезентативтілікті арттыра алады. Бұл жетілдірулер LCA-ны экодизайнды да, жеткізу тізбегіндегі жақсартуларды да бағалау үшін қолдануға мүмкіндік береді. ЖИ электрондық өнімдерге LCA жасауда күрделі модельдеуді автоматтандырып, бағалаудың дәлдігін, масштабталуын және тиімділігін айтарлықтай арттырады. Алайда оның әлеуеті ұйымдар жеткізушілерден FMD сияқты егжей-тегжейлі өнімдік деректер жинай алғанда ғана толық ашылады — өйткені ЖИ жасаған модельдің сапасы осы деректердің сапасына тікелей тәуелді. ЖИ арқылы үнемделген уақыт LCA мамандарына жалпы (generic) екінші реттік деректерді жеткізу тізбегінен алынатын нақты біріншілік деректермен ауыстыруға көбірек күш салуға мүмкіндік береді. Дегенмен ЖИ-дың шектеулері бар: ұзақ оқыту қажеттілігі, кейде дерек жиынтығын таңдаудағы қателіктер, сондай-ақ сапаны бақылауда адам қадағалауына тәуелділік. IMES ұсынғандай толық ұсақталған (fully disaggregated) инвентаризациялар LCA-ның дәлдігі мен репрезентативтілігін арттырып қана қоймай, жеткізушінің нақты ерекшеліктеріне бейімдеп “құрастыруға” мүмкіндік береді, бұл мақсатты әрі болашаққа бағытталған тұрақтылық стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Дегенмен IMES деректерінде де олқылықтар болуы мүмкін: практиктер чип сипаттамаларын нақты жеткізуші/өнім талаптарына сай ету үшін кейбір сәйкестендірулерді қолмен орындауға мәжбүр. Жалпы, LCA әдістемелерінің дамуы салааралық ынтымақтастықтың маңызын көрсетеді: ЖИ және толық инвентаризациялар үлкен серпіліс бергенімен, олардың толық әлеуеті өндірушілер арасында әсерді бағалау ережелерін үйлестіру арқылы ғана ашылады. Сонымен бірге жеткізу тізбегінен дерек жинау процесін жеңілдетіп, артық сауалнама қайталануын азайту дерек сапасы мен репрезентативтілікті арттыру үшін өте өзекті. Компаниялар ортақ мақсаттар төңірегінде біріксе, электроника саласында мәнді

экологиялық жақсартуларды жылдамдатып, тұрақтылықтың жаңа стандартын қалыптастыра алады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала мазмұны мен оқу процесінде жүзеге асырылуы ҚР ҒЖБМ бойынша орындалып жатқан AP23489632 «STEM білім беру мен машиналық оқыту байланысы негізінде информатика педагогтарының даярлықтарын кешенді жетілдірудің теориялық-практикалық негіздері» жобасы аясында жүзеге асырылуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

- [1] <https://www.zakon.kz/politika/6492773-tokaev-ozvuchil-vazhnyu-zadachu-pri-razvitii-ii-v-kazakhstane.html>
- [2] https://www.researchgate.net/publication/383324873_Pushing_the_Boundaries_of_LCA_with_AI_Integration_and_Advanced_Life_Cycle_Inventories_for_Semiconductor_Production
- [3] Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO), «Қоршаған ортаны басқару — Өмірлік циклді бағалау (LCA) — Қағидаттар мен негіздемелік құрылым», ISO 14040:2006, Женева, Швейцария, 2006.
- [4] K. Stumbaugh, A. Krishnan, H. Wyman, X. Vital, «Microsoft құрылғыларына арналған LCA әдістемесі 2.1-нұсқа (Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1)», 2023 жылғы 21 қыркүйекте жарияланған.
- [5] L. Ragnarsson, C. Rolin, S. Shamuilia, E. Parton, «Интегралдық схемалар (IC) индустриясының “жасыл” трансформациясы (The Green Transition of the IC Industry)», imec Vision Paper, © imec 2022.
- [6] Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO), «Қоршаған ортаны басқару — Өмірлік циклді бағалау (LCA) — Талаптар мен нұсқаулықтар», ISO 14044:2006, Женева, Швейцария, 2006.

Ускорение LCA-моделирования электронных устройств с использованием искусственного интеллекта

Серік М., PhD доктор педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, кафедра информатики, г. Астана, Казахстан

Нұрлан Н.Н., PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, кафедра информатики, г. Астана, Казахстан, serik_meruerts@mail.ru

Аннотация. Статья анализирует, как интеграция искусственного интеллекта, цифровых двойников и передовых инвентаризаций жизненного цикла (LCI) расширяет возможности LCA для сложных электронных устройств. Методология Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1, разработанная Microsoft совместно с Makersite и основанная на ISO 14040/14044 и принципах PEf, обеспечивает компонентный уровень моделирования на базе BOM и полных материальных деклараций поставщиков (FMD) с высокой степенью автоматизации. Особое внимание уделено внедрению LCI IMEC для производства полупроводников, что повышает точность оценки воздействия за счёт настройки модели по параметрам grid mix, tech node, размер die и коэффициент yield. Рассматриваются также интеграция первичных данных о возобновляемой энергии, более точное выявление экологических «горячих точек» и учёт ремонтпригодности при корректировке срока службы изделия. Показано, что подход повышает масштабируемость LCA и поддерживает решения в области экодизайна и оптимизации цепочек поставок.

Ключевые слова: оценка жизненного цикла (LCA), интеграция информационных систем, инвентаризация жизненного цикла, полупроводники.

Accelerating LCA modeling of electronic devices using artificial intelligence

Serik M., PhD in Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of Informatics, Astana, Kazakhstan.

Nurlan N.N., PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of Informatics, Astana, Kazakhstan, serik_meruerts@mail.ru

Abstract. This paper explores how AI, digital twins, and advanced life cycle inventories (LCIs) can improve Life Cycle Assessment (LCA) for complex electronic devices. Microsoft Devices LCA Methodology Version 2.1—developed by Microsoft in collaboration with Makersite and aligned with ISO 14040/14044 and PEF principles—enables highly automated, component-level modeling using Bills of Materials (BOM) and supplier Full Material Declarations (FMD). A key contribution is the integration of IMEC semiconductor manufacturing LCIs, which increases fidelity by tailoring models to site-specific and product-specific parameters such as grid mix, technology node, die size, and yield factor. The paper also discusses incorporating primary renewable-energy data from suppliers, improved hotspot identification, and adjusting device lifetime based on reparability considerations. The proposed approach enhances LCA scalability and supports data-driven decisions for eco-design and supply-chain decarbonization.

Keywords: Life Cycle Assessment (LCA), IS integration, life cycle inventories, semiconductors.

ЖОҒАРЫ БІЛІМДЕ VIBE CODING ТӘСІЛІН ЕНГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Серік М., Phd, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, serik_meruerts@mail.ru

Тұрдыбек А., Phd докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, atturdybek@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллектке негізделген Vibe coding тәсілін енгізудің педагогикалық және этикалық қиындықтары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Vibe coding элементтерін жоғары оқу орнының оқу үдерісіне тиімді енгізу тетіктерін анықтау және тәуекелдерін басқару. 2025–2026 оқу жылында Еуразия ұлттық университетінде 120 ерікті студентпен педагогикалық эксперимент және аралас бақылау жүргізілді: бір топ дәстүрлі әдіспен, екінші топ Vibe coding арқылы оқытылды. Сандық деректер жаңа тақырыпты меңгеру нәтижесі бойынша Vibe coding тобының орташа көрсеткіші 76,9 пайыз, дәстүрлі топта 70,45 пайыз екенін көрсетті; нәтижелердің өзгергіштігі Vibe coding тобында төмен болды. Сапалық талдау (құзырет рубрикасы, жартылай құрылымдалған сұхбат, сауалнама) тапсырманы орындау уақытының қысқарғанын және мотивацияға әсерін көрсетті, алайда техникалық ойлау дағдылары екі топта да жеткіліксіз қалыптасқан. Негізгі қиындықтар академиялық адалдық, оқытушыға қолайлылық және рефлексияны ұйымдастырумен байланысты. Ұсыныстар: құрылымдалған рефлексия, жасанды интеллект қолдануын ашық тіркеу, қысқа ауызша қорғау және үдерісті бағалау.

Түйін сөздер: Vibe coding; жасанды интеллект; жоғары білім; педагогикалық эксперимент; академиялық адалдық; құзыреттілік; рефлексия.

КІРІСПЕ

Қазақстан республикасында жоғары білім беру саласы қарқынды дамуда. Негізгі мәселе болашақ мамандарды даярлаудың озық технологияларын енгізу болып табылады. 01.10.2025 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда мәжілісіндегі отырысында осы мәселені шешу мақсатында ЖИ зерттеу орталығы құрылды. Бұл орталықтың негізгі мақсаты ЖИ және vibe coding технологияларын білім беру саласына енгізу жолдары мен мамандарды дайындау орталығы ретінде бекітілді.[1] Жоғары білім беру саласындағы өзгерістердің әсерінен классикалық оқыту тәсілінің заман талабына сай емес екендігі байқалды. Дегенмен ЖИ және Vibe coding элементтерін енгізу кезінде

келесідей өзекті сұрақтар туындайды. Бірінші сұрақ- ЖИ жоғары білім беру саласында қалай қолданамыз? Екінші сұрақ- Vibe coding және ЖИ құралдарын жоғары білімге енгізудің педагогикалық, бағалау, этикалық және қауіпсіздік кедергілері қандай және оларды басқарудың тиімді тетіктері қандай? Осы екі маңызды сұрақтың жауабын осы мақалада жан-жақты қаралады. Жоғарыдағы проблемаларды шешу үшін біз шет елдік зерттеулерге шолу жасап, салыстырмалы талдау жүргіземіз. Қазіргі таңда ЖИ технологияларының түрлері өте көп. Солардың бірі Vibe coding тәсілі. Бұл тәсілді шет елдерде жиі қолдануда, бірақ Қазақстанның білім беру саласында Vibe coding тәсілін қолдану нұсқаулықтарымен зерттеулер жоқ. Сол себепті бұл еліміздегі ғылыми өзекті мәселе болып табылады. Осы тарапта ЖИ элементтерін жоғары білім беру жүйесіне енгізудің қайшылықтары мен ерекшеліктері көп. Бірақ жаппай ЖИ элементтерін қолдауын білім сапасына кері әсерін тигізу мүмкін. Сондықтан бұл саладағы шет елдік зерттеулердің жұмыстарына шолу жасау арқылы, Қазақстан республикасына тиімді енгізу жолдарын жоспарлауға көмектеседі. Зерттеу жұмысында сапалық және сандық талдау жүргізілен. Эксперимент бақылау топтары арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті бағалау қорытындысы ҚР білім беру стандартына сәйкес негізделіп құралған. ҚР білім беру стандартында болашақ студенттер қандай құзыреттіліктер мен дағдыларды меңгеру керек екендігі жазылған ресми құжат болып табылады. ЖОО білім беру саласы тікелей осы стандарттарға сәйкес жұмыс жасауы тиіс. ЖИ элементтерін меңгеру дағдысы да осы жылдан осы стандартқа енді. Яғни студенттердің барлығында ЖИ қолданудың дағдылары қалыптасу керек екендігі айқын көрсетілген.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ


Осы тақырып аясында зерттеу жүргізілген үш Scopus Q1 санатына жататын мақалалар мен 25 ге жуық кітаптар қарастырылып зерттелді. Негізгі мақалалардың зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ келесідей қорытынды жасауға болады. Ахмед Фази(Жаңа Зеландия, Массей университеті) 2025 жылы жүргізген зерттеуінде студенттердің бағдарламалау кезінде ЖИ және Vibe coding элементтерін жиі қолданатыны байқаған[2]. Яғни бұл құралдардың көмегімен студенттерге берілген тапсырмаларды жылдам орындайтынын байқаған. Дегенмен күрделі тапсырмаларды студенттер орындау кезінде көп қателіктер жіберген. Күрделі тапсырмаларды ЖИ элементтері әлі күнге дейін толық қанды орындай алмайды. Сол себепті студенттердің бұл құралдарға жиі сүйену арқылы олардың аналитикалық және техникалық ойлау қабілеттерінің төмендегені байқалады. IBM компаниясының Звейл Гиршин зерттеуінде ЖИ көмегімен код генерациялау арқылы студенттердің 32 пайызының сенімділігі артқанын айтқан. Яғни компанияға жаңадан келген студенттер екі топқа бөліп, бірінші топқа ЖИ код генерациялауды рұқсат беріп, ал екінші топқа керісінше тыйым салынды. Эксперимент соңында студенттерден күтпеген нәтиже алынды. Бірінші топтағы студенттердің 47 пайызы берілген тапсырмаларды жақсы орындаса, ал екінші топта тек 18 пайызы ғана тапсырманы орындай алған. Яғни Vibe coding арқылы студенттердің өзіндік оқу процесі сапалы болатыны дәлелденді[3]. Сонымен қатар ғылыми деректерге сүйенетін болсақ студенттердің Vibe coding жиі қолданатыны айтылған. Кей студенттер тек осы ЖИ көмегімен сабақ оқитыны да айтылған. Яғни студенттер классикалық білім алу үрдісі жыл сайын төмендеп бара жатыр. Студенттердің басым бөлігі сұрақтарға жауапты ЖИ көмегімен алатынын сауалнамада айтты. Кітаптар мен лекциялардан алынатын білім мен ЖИ көмегімен алынатын білімнің еш айырмашылығы жоқ екендігі туралы Кристиан Меске (Германия, Рур Бохум университеті) зерттеуінде айтқан.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

2025-2026 жылы Еуразия Ұлттық университетінде Vibe coding енгізудің педагогикалық эксперимент пен араласы бақылау арқылы зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысына 120 студент еріктілер таңдалып алды. Эксперимент қатысушылары ерікті түрде өз келісімін берді. Зерттеудің негізгі мақсаты Vibe coding элементтерін ЖОО білім беру процесіне енгізудің тиімді жолдарын анықтау болды. Дайындық кезіңінде ерікті қатысушылардың Аты-жөндері құпия сақталып, зерттеу басталды. Бақылау тобы құру кезінде мамандыққа негізделді. Яғни IT және Информатика педагогтары арасында жүргізілді. Негізгі бұл мамандықтарды таңдау себебіміз олардың аналитикалық, техникалық және психо-эмоционалдық дәрежесін бағлау болып табылады [4]. Себебі бұл мамандықта оқитын студенттерге осы дағдылардың толық қанды қалыптастыру үшін Vibe coding әсерін бақылау. Эксперимент екі топ арасында жүрді. Бірінші топқа дәстүрлі әдіс арқылы, ал екінші топ Vibe coding арқылы білім алды. Бұл жерде өлшенетін 4 шаманы атап өткім келіп тұр: Жаңа тақырыпты меңгеру кезіндегі оқу нәтижесі. Бұл жерде студенттер жазған кодтағы сапасы мен алгоритімі сонымен қатар студенттердің жаңа материалды меңгеру деңгейі қарастырылды; Студенттердің құзіреттілікті қалыптастыру деңгейін тексеру. Бірінші өлшем бойынша төмендегі сурет-1 гистограммада нәтижесі көрсетілді. Екі топта жүргізілген эксперимент бойынша салыстырсақ. Дәстүрлі әдіс бойынша оқыған студенттердің орташа бағасы 70,45% пайызға тең болса, Vibe coding арқылы оқыған студенттердің орташа бағасы 76,9 % көрсеткішін көрсетті. Яғни студенттер тапсырманы Vibe coding арқылы сапалы түрде орындайтыны байқалған. Дәстүрлі әдіс арқылы 5 студент максимальды балл жинады. Vibe coding көмегімен максимальды балл тек бір ғана студент алғанын байқауға болады. Яғни тапсырманы орындау кезінде күрделі тақырыптарды меңгеру қиындық туғызатыны байқалды. Дегенмен бұл нәтиженің нақты деректері төменгі (Кесте-1) кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Топтар бойынша қорытынды статистика деректері

	Қатысушыл ар саны	Орташа балл%	Медиана%	Стандартты қ ауытқу%	Максимальды балл%
Дәстүрлі әдіс	60	70,45	69,7	6,08	93,2
Vibe coding	60	76,9	77,045	5,12	100



Сурет 1. Жаңа тақырыпты меңгеру кезіндегі оқу нәтижесі (0-100).

Құзыреттілік деңгейі тексеру мақсатында студенттер техникалық, аналитикалық және эмоционалды-психикалық ойлау дағдыларын тексеру мақсатында Құзырет рубрикасын құрдық. Бұл рубрика 3 бөлімді қамтыды. Бірінші бөлім мәселені түсіну және оны шешу жолдарын анықтау мақсатында әр топтан максимум және минимум балл

жинаған 30 студентті (15- жоғары нәтиже, 15-төмен нәтиже) жартылай құрылымдалған сұхбаттасуға шақырдық. Нәтижесінде студенттердің дағдыны меңгеру деңгейі анықталып, көпшілігі техникалық ойлау қабілетінің төмен меңгерілгені байқалды. Бірақ екі топтағы дағдыны меңгеру деңгейі бір деңгейде екені байқалды. Екінші және үшінші бөлімде студенттер арасынан рефлексия жүргізіліп, сауалнама алынды. Кері байланыс арқылы алынған нәтижеге сүйенсек Vibe coding арқылы орындалған тапсырмалардың уақыты 15 минут алса, ал дәстүрлі түрде орындалған тапсырмалар 30 минутта аса уақыт кететіні айтылды. Респонденттердің пікіріне сүйенсек дәстүрлі оқыту форматы кезінде студенттердің оқуға деген мотивациясының төмендегені және студенттердің функционалдылық сауаттылығы төмен екенін байқауға болады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Жаңа тақырыпты меңгерудегі оқу нәтижелері (Сурет-1, Кесте-1). Студенттер жаңа материалды меңгеру деңгейін код сапасы, алгоритмдік құрылымдық оқу және тақырыпты түсіну деңгейі арқылы өлшеді. Кесте-1-де дәстүрлі топтың орташа нәтижесі 70.45% және Vibe кодтау тобының орташа нәтижесі 76.9% екені көрсетілген. Осылайша, Vibe кодтау арқылы оқу нәтижесі шамамен +6.45 пайыздық пунктке артты. Сонымен қатар, Vibe кодтау тобының медианалық балы (77.045%) алдыңғы екеуінен жоғары болды, бұл көпшіліктің нәтижелері жоғары деңгейге көтерілгенін білдіреді. Стандартты ауытқуды пайдалана отырып, нәтижелердің тұрақтылығы анықталды: дәстүрлі топта 6.08% және Vibe кодтау тобында 5.12%. Бұл студенттер үшін Vibe кодтау нәтижелерінің тұрақтырақ екенін көрсетеді (өзгергіштік аз). Сондықтан әдіс орташа деңгейдегі студенттердің нәтижелерін ең жақсы орташа деңгейге дейін көтеріп, олардың жалпы нәтижелерін теңестірген болуы мүмкін. Жоғарғы шек те қызықты: мәтінде дәстүрлі топта ең жоғары нәтижелерге жақындаған студенттер көп болғаны, бірақ бұл "өте жоғары" нәтижелер Vibe кодтау тобында әлдеқайда сирек кездесетіні айтылған. Ең жоғары 100% балл (бір студент) Vibe кодтау тобында табылғанымен, жоғары балл нәтижелерінің салыстырмалы түрде аз саны сирек кездесетін болуы мүмкін. Бұл құбылыс Vibe кодтау күрделі тақырыптарды тез енгізуге мүмкіндік беретінін, бірақ кейбір оқушыларда (әсіресе өзін-өзі рефлексиялау жетіспесе) концептуалды түсінік пен негіздеудің нашар болуын білдіруі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сапалық деректер бай, бірақ ол өте субъективті және сұхбат үшін "экстремалды" таңдау негізінде топтың жалпы құзыреттілігін көрсетпейді (өлшеудің сезімталдығы мен мөлшері шектеулі). Уақыт, мотивация және функционалды сауаттылық көрсеткіші. Нәтиже тұрғысынан Vibe кодтау уақытты басқаруда тиімділікті арттыруға көмектесті - респонденттер Vibe кодтау арқылы тапсырманы орындауға шамамен 15 минут кетуі мүмкін екенін, ал дәстүрлі түрде 30 минуттан астам уақыт кетуі мүмкін екенін көрсетті. Бұл Vibe кодтау әдісі оқу процесінде "жылдам кері байланыс" және "жылдам прототиптеу" мүмкіндіктерін береді. Сондай-ақ, дәстүрлі оқытуды қолдану салдарынан оқушылардың оқу мотивациясының айтарлықтай төмендеуі және әлсіз функционалды сауаттылық анықталды. Осы тұрғыда Vibe кодтау мотивацияны арттырушы ретінде көрінеді, себебі тапсырмаларды тез орындау қателерді табуды жеңілдетеді және қорқыныш/стресс деңгейін төмендету мүмкіндігін береді. Бірақ уақытты қысқарту және балл жинау "жақсы түсінікпен" байланысты емес. Осы контексте Vibe кодтау рефлексияны құрылымдау (мен не алдым → мен не өзгерттім → неге → қалай тексердім) және түсіндіру арқылы растау (ауызша қорғау, қысқа негіздеу сұрақтары) үшін қолданылуы керек. Жауап ретінде Vibe кодтауды сәтті енгізу үшін келесі әдістемелік ұсыныстар ұсынылады:

Рефлексия шаблонын міндеттеу (әр тапсырмадан кейін қысқа құрылымдалған рефлексия); AI-журнал/ашықтық ережесі (академиялық адалдық үшін); 2–3 минуттық ауызша түсіндіру (кодты түсінуді тексеру үшін); Бағалауды тек "код нәтижесі" бойынша ғана емес, сонымен қатар процесс пен негіздеу бойынша да жүргізу (тест, қате талдау, өзгеріс логикасын дәлелдеу).

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала мазмұны мен оқу процесінде жүзеге асырылуы ҚР ҒЖБМ бойынша орындалып жатқан AP23489632 «STEM білім беру мен машиналық оқыту байланысы негізінде информатика педагогтарының даярлықтарын кешенді жетілдірудің теориялық-практикалық негіздері» жобасы аясында жүзеге асырылуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Tengrinews.kz, "Тоқаев Қазақстанда жасанды интеллект университетін құруды ұсынды," Oct. 1, 2025. [Online]. Available: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-predlozil-sozdat-v-kazahstane-universitet-ii-582089/. Кірілді : 08.02. 2026. [in Russian].
- [2] A. Fawz, A. Tahir, and K. Blincoc, "Практикадағы Vibe coding: уәждер, қиындықтар және болашаққа көзқарас — сұр әдебиеттерге шолу," arXiv:2510.00328, Sep. 2025. [Online]. Available: <https://arxiv.org/abs/2510.00328>. Accessed: Feb. 14, 2026. [in English].
- [3] J. Soldani, D. A. Tamburri, and W.-J. Van Den Heuvel, "Microservices архитектурасының «ауыртпалықтары» мен «пайдалары»: жүйелі сұр әдебиеттерге шолу," *Journal of Systems and Software*, vol. 146, pp. 215–232, 2018, doi: 10.1016/j.jss.2018.09.082. [in English].
- [4] J. Adams, F. C. Hillier-Brown, H. J. Moore, A. A. Lake, V. Araujo-Soares, M. White, and C. Summerbell, "Қоғамдық денсаулықта 'сұр әдебиет' пен 'сұр ақпаратты' іздеу және синтездеу: үш кейс бойынша сыни пайым," *Systematic Reviews*, vol. 5, no. 1, p. 164, 2016, d DOI: 10.1186/s13643-016-0337-y.

Педагогические и этические трудности внедрения метода Vibe Coding в высшем образовании

Серик М., PhD, доктор педагогических наук, кафедра информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, serik_meruerts@mail.ru

Турдыбек А. PhD, докторант, кафедра информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, atturdybek@gmail.com²

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические и этические трудности внедрения подхода Vibe coding на основе искусственного интеллекта в высшем образовании Казахстана. Цель – определить механизмы интеграции Vibe coding в учебный процесс и способы управления рисками. В 2025–2026 учебном году в Евразийском национальном университете проведены педагогический эксперимент и смешанное наблюдение с участием 120 добровольцев: одна группа обучалась традиционно, вторая – с использованием Vibe coding. Результаты освоения новой темы показали преимущество второй группы: средний балл составил 76,9 процента против 70,45 процента в традиционной группе, при меньшей вариативности. Качественные данные (рубрика компетентности, полуструктурированные интервью, анкетирование) выявили сокращение времени выполнения заданий (около 15 минут против более 30 минут) и изменения мотивации, однако недостаточную сформированность технического мышления в обеих группах. Основные проблемы связаны с академической честностью, удобством применения на занятиях и организацией рефлексии при генерации кода. Предложены меры: структурированная рефлексия, прозрачный учет использования искусственного интеллекта, краткая устная защита и оценивание процесса решения.

Ключевые слова: Vibe coding; искусственный интеллект; высшее образование; педагогический эксперимент; академическая честность; компетентностная рубрика; рефлексия.

Pedagogical and ethical challenges of implementing the Vibe Coding method in higher education

Serik M., PhD, Doctor of Pedagogical Sciences, Department of Informatics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, serik_meruerts@mail.ru

Turdybek A. PhD, Doctoral Student, Department of Informatics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, atturdybek@gmail.com

Abstract. This paper examines pedagogical and ethical challenges of introducing an artificial intelligence supported Vibe coding approach in Kazakhstan's higher education. The aim is to identify effective integration mechanisms and risk controls. In the 2025–2026 academic year, a pedagogical experiment with mixed monitoring was conducted at Eurasian National University with 120 volunteer students: one group learned traditionally and the other used Vibe coding. Quantitative results on mastering a new topic showed higher performance in the Vibe coding group, with a mean score of 76.9 percent versus 70.45 percent in the traditional group and lower variability. Qualitative evidence from a competence rubric, semi structured interviews, and a survey showed faster task completion (about 15 minutes versus more than 30 minutes), while technical reasoning remained insufficient in both groups. Key difficulties included academic integrity, instructor usability, and reflection during code generation. The paper recommends structured reflection, transparent logging, brief oral defense, and process based assessment.

Keywords: Vibe coding; artificial intelligence; higher education; pedagogical experiment; academic integrity; competence rubric; reflection.

АШЫҚ ДЕРЕКТЕР ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Тогуспаева Г. Б. 8D015 Информатика педагогтерін даярлау тобының докторанты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан gulbanu.melisova@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада ашық деректердің мәні, олардың қоғамдағы орны және білім беру жүйесіндегі практикалық маңызы жан-жақты қарастырылады. Ашық деректерді қолдану білім алушыларға шынайы статистикалық ақпаратпен жұмыс істеуге, деректерді талдауға және дәлелді қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде цифрлық сауаттылық, сыни ойлау және зерттеу құзыреттері дамиды. Автор оқу процесіне ашық деректерді енгізудің әдістемелік қырларын айқындап, педагогтің ұйымдастырушы рөлін күшейтудің қажеттілігін негіздейді.

Түйін сөздер: ашық деректер, цифрлық сауаттылық, зерттеу құзыреті, деректерді талдау, білім беру.

КІРІСПЕ

Қазіргі цифрлық дәуірде деректер қоғамының барлық салаларында, соның ішінде білім беруде де маңызды ресурсқа айналды. Ашық деректер (Open Data)- бұл кез келген адамға кез келген уақытта ешқандай заңдық және техникалық шектеусіз пайдалануға, қайта таратуға арналған цифрлық деректер[1]. Білім беру саласында ашық деректер мен ашық білім беру ресурстары (Open Educational Resources, OER) оқу оқумен оқытуда қайта пайдаланылған және бөлісуге арналған ресурстар мен деректер жиынтықтарын қамтиды. [2], [3].

Соңғы жылдары әлемдік білім беру жүйелері ашықтық пен есептілікті арттыру, оқу сапасын жақсарту және инновацияларды қолдау мақсатында ашық деректерді белсенді түрде енгізу. Ашық деректер университеттердің, оқытушылар мен студенттердің шешім қабылдауына ашықтық пен есептілікті арттыруды ЖОО ның жұмысына айтарлықтай әсе етеді[4]. Сонымен қатар, ашық деректер инновацияларды және әлемдік мәселелерді оқу арқылы шешуді қолдайды, білім беру бағдарламаларын нақты деректерге негіздеуге пайдалы болады. [1], [2], [3], [5].

Алайда, ашық деректерді білім берудегі процесіне қиындықтар туындайды. Студенттердің жеке деректерінің құпиялылығын қорғау техникалық инфрақұрылымның жетіспеушілігі, деректер сауаттылығының төмен деңгейі және семантикалық үйлесімділік мәселелері негізгі кедергілер болып табылады [1], [6].

Зертеудің мақсаты: Ашық деректер концепциясын анықтау, оның білім берудегі маңызын талдау, студенттер мен оқытушыларға тигізетін пайдасын анықтау, этикалық және техникалық кедергілерді жүйелі түрде зерттеу.

ӘДІСТЕМЕ

Бұл зерттеу білім берудегі ашық деректер тақырыбы бойынша жүргізілген ғылыми әдебиеттерге негізделген синтетикалық талдау (literature synthesis) әдісін қолданады.

Ашық деректер анықтамасы және ауқымы

Талдау нәтижелері білім беру контекстінде бірнеше қабаттан тұратынын көрсеті. Ашық деректер кез келген адамға кез келген уақытта ешқандай заңдық техникалық шектеусіз пайдалануға, қайта пайдалануға және қайта таратуға арналған цифрлық деректер ретінде анықталады [1]. Ашық білім беру ресурстары (OER) осы анықтаманы кеңейтіп, оқу мен оқытуда қайта пайлануға және бөлісуге арналған ресурстар мен деректер жиынтығын қамтиды [2], [3]. Зерттеу нәтижелері ашық деректерді білім беру жүйесінде трансформациялық рөл атқаратынын көрсетеді. Ашық деректер тек ақпараттық ресурс ғана емес, сонымен бірге оқу процесін жетілдіру, институционалдық басқаруды жақсарту және қоғамдық есептілікті арттыру құралы болып табылады.

Ашық деректердің ең маңызды артықшылықтарының бірі – студенттердің деректер сауаттылығын дамыту [1]. Қазіргі цифрлық экономикада деректермен жұмыс істеу білу қабілеті кез келген мамандық үшін қажетті дағды болып табылады. Нақты ашық деректермен жұмыс істеу студенттерге теориялық білімді практикада қолдануға, сыни ойлауды дамытуға және нақты әлемдік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді [6]. Оқытушылар үшін ашық білім беру ресурстары мен деректер жиынтықтары оқу материалдарын дайындауды жеңілдетеді және пәнаралық оқытуды қолдайды [3]. Дайын деректер жиынтықтарын пайдалану оқытушыларға оқу процесіне көбірек уақыт бөлуге және инновациялық педагогикалық әдістерді енгізуге мүмкіндік береді. Институционалдық деңгейде ашық деректер университеттердің ашықтығын арттырады және қоғаммен сенім қатынастарын нығайтады [4]. Университеттердің көрсеткіштерін ашық жариялау студенттерге, ата-аналарға және қоғамға білім беру сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ашық деректер университеттерге бенчмаркинг жүргізуге және үздік тәжірибелерді анықтауға көмектеседі [6].

Ашық деректерді білім беруге енгізу – бұл бір реттік іс-шара емес, үздіксіз процесс. Технологиялардың дамуымен және қоғамның ашықтыққа деген сұранысының артуымен ашық деректерді білім берудегі рөлі одан әрі күшейе түседі. Университеттер мен білім беру саясатын әзірлеушілер ашық деректерді стратегиялық басымдық ретінде қарастыруы және оларды тиімді пайдалану үшін қажетті ресурстар мен қолдауды қамтамасыз етуі керек. Қорытындылай келе, ашық деректер білім берудің сапасын арттыру, инновацияларды қолдау және қоғамдық есептілікті күшейту үшін үлкен әлеуетке ие. Этикалық стандарттарды сақтай отырып және техникалық инфрақұрылымды дамыта отырып, ашық деректерді білім беруге табысты енгізуге болады. Бұл студенттерге, оқытушыларға және жоғары оқу орындарына айтарлықтай пайда әкеледі және білім берудің болашағын қалыптастыруға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ашық деректерді білім беруге енгізу оқу сапасын арттыруға және институционалдық тиімділікті жоғарлатуға ықпал етеді, бірақ табысты жүзеге асыру үшін этикалық

стандарттарды сақтау, инфра құрылымды даамыту деректер сауаттылығын арттыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Murray-Rust, P., Smith-Unna, R., Mounce, R., et al. Open data and open code for big science: Essential lessons from the Human Genome Project. PLoS Biology, 2014. Available: <https://doi.org/10.1371/journal.pbio.1001983>
- [2] Atenas, J., Havemann, L., & Priego, E. Open data as open educational resources: Case studies of emerging practice. Open Praxis, 2015, 7(4), 351-360. Available: <https://doi.org/10.5944/openpraxis.7.4.233>
- [3] Piedra, N., Chicaiza, J., López, J., & Tovar, E. An architecture based on linked data technologies for the integration and reuse of OER in MOOCs context. Open Praxis, 2014, 6(2), 171-187. Available: <https://doi.org/10.5944/openpraxis.6.2.117>
- [4] Kassen, M. Open data and e-government – related or competing ecosystems: A paradox of open government and promise of civic engagement in Estonia. Information Technology & People, 2018, 31(3), 613-634. Available: <https://doi.org/10.1108/ITP-01-2017-0007>
- [5] Zuiderwijk, A., & Janssen, M. Open data policies, their implementation and impact: A framework for comparison. Government Information Quarterly, 2014, 31(1), 17-29. Available: <https://doi.org/10.1016/j.giq.2013.04.003>
- [6] Hazelkorn, E. Rankings and the reshaping of higher education: The battle for world-class excellence. Palgrave Macmillan, 2015. Available: <https://doi.org/10.1057/9781137446671>

Понятие открытых данных и их значение в образовании

Тогуспаева Г. Б. Докторант 8D015 «Подготовка педагогов информатики», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, gulbanu.melisova@mail.ru

Аннотация. В статье раскрывается значение открытых данных и их роль в системе образования. Использование реальной информации позволяет учащимся развивать аналитическое мышление, цифровую грамотность и исследовательские умения. Рассматриваются методические подходы и подчеркивается необходимость организации самостоятельной деятельности обучающихся.

Ключевые слова: открытые данные, цифровая грамотность, исследовательские умения, анализ данных, образование.

The Concept of open data and its importance in education

Toguspaeva G. B. Doctoral Student, 8D015 Training of Informatics Teachers Program, Abai Kazakh National Pedagogical University, gulbanu.melisova@mail.ru

Abstract. The paper explores the essence of open data and its importance for modern education. Working with authentic datasets helps learners develop analytical thinking, digital literacy and research competences. The author highlights methodological approaches and the growing role of student independence in the learning process.

Keywords: open data, digital literacy, research competence, data analysis, education.

GENAI НЕГІЗІНДЕ ПРОГРАММАЛАУДАН СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Шекербекова Ш.Т., п.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Сағымбаева А.Е., п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі цифрлық білім беру ортасында студенттердің программалау дағдыларын объективті бағалау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары генеративті жасанды интеллект (Generative AI – GenAI) технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданыла бастады. Бұл зерттеу GenAI технологияларын пайдалану арқылы студенттердің программалау пәні бойынша білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдістерін талдауға бағытталған. Зерттеу барысында автоматты бағалау, интеллектуалды кері байланыс беру және оқыту аналитикасы сияқты әдістер қарастырылды. Нәтижесінде GenAI негізіндегі бағалау жүйелері студенттердің білімін объективті бағалауға, тапсырмаларды автоматты тексеруге және оқу нәтижелерін талдауға мүмкіндік беретіні анықталды.

Түйін сөздер: GenAI, программалау, білімді бағалау, автоматты бағалау, бағалау әдісі

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту мен бағалау әдістерінің өзгеруіне алып келуде. Әсіресе программалау пәнін оқыту барысында студенттердің білімін бақылау және бағалау күрделі процесс болып табылады, себебі программалық кодтың дұрыстығын, логикасын және тиімділігін бағалау көп уақытты талап етеді.

Жасанды интеллект түрлі салаларды өзгертіп жатқандықтан, оның жоғары білім беру жүйесіне, әсіресе бағалау үдерісіне әсері барған сайын маңызды бола түсуде. Автоматты бағалау және жасанды интеллект көмегімен бағалау құралдары оқытушылардың студенттердің жұмыстарын бағалау тәсілдерін өзгертіп, кері байланысты жеделдетуге және көп студенті бар курстарды басқаруды жеңілдетуге мүмкіндік беруде. Бұл мақала автоматты бағалау мен AI арқылы бағалаудың айырмашылықтарына қатысты соңғы зерттеулерді жинақтайды, олардың артықшылықтары мен шектеулерін қарастырады, сондай-ақ білім беру ұйымдарының осы қарқынды өзгеріп жатқан жағдайға қалай бейімделіп жатқанын түсіндіреді.

Соңғы жылдары генеративті жасанды интеллект (GenAI) технологиялары білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. Генеративті жасанды интеллект (GenAI) құралдарының, мысалы **ChatGPT** пайда болуы информатика саласындағы білім беруде жаңа мүмкіндіктер мен жаңа мәселелердің туындауына алып келді. GenAI модельдері автоматты түрде код талдау, тест тапсырмаларын генерациялау және студенттердің жауаптарын бағалау сияқты функцияларды орындай алады. Мұндай технологиялар оқытушылардың жұмысын жеңілдетіп, білімді бағалау процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект негізіндегі бағалау жүйелері студенттердің жұмыстарын автоматты тексеруге, жылдам кері байланыс беруге және оқу нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, генеративті AI модельдері программалау тапсырмалары үшін жаңа тесттік жағдайларды автоматты түрде құрастырып, бағалау сапасын арттыра алады.

Осыған байланысты GenAI технологияларын пайдалану арқылы студенттердің программалау білімін бағалау әдістерін зерттеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу барысында алдымен, әдебиеттерді талдау әдісі арқылы генеративті жасанды интеллект (GenAI) технологияларын білім беру жүйесінде, әсіресе программалауды оқыту мен бағалау үдерісінде қолдануға арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер қарастырылды. Бұл талдау GenAI технологияларының мүмкіндіктерін, олардың білім беру үдерісіне әсерін және программалау пәні бойынша студенттердің

білімін бағалауда қолданылатын қазіргі тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің келесі кезеңінде салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы дәстүрлі бағалау тәсілдері (оқытушының қолмен тексеруі, тестілеу, бақылау жұмыстары) мен GenAI негізіндегі автоматтандырылған бағалау әдістерінің тиімділігі салыстырылды.

Зерттеу аясында генеративті жасанды интеллект технологияларын программалаудан студенттердің білімін бақылау процесінде қолдану мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге шолу жасалынды. Зерттеу генеративті жасанды интеллект дәуірінде программалау курстарының оңтайлы дизайны мен орындалуын зерттелді. Зерттеу студенттердің ChatGPT-ны нақты пайдалануын және программалауды үйренудің құндылығы туралы түсініктерін зерттеуге арналады. Программалау курстарында студенттердің ChatGPT, Copilot пайдалануын зерттейді және бағалауда AI-генерацияланған кодтың әсерін, плагиатты болдырмайтын әдістерді (оффлайн тесттер, ойлау процесін бағалау) ұсынады [1].

Зерттеуде үш негізгі аспект қарастырылады: жасанды интеллекттің білім беру саласына кең ауқымды әсері, жоғары оқу орындарында компьютерлік программалауды оқыту мен үйрету барысында жасанды интеллект туындататын жаңа мәселелер, сондай-ақ білім беру үдерісінің маңызды элементі болып табылатын студенттердің білімін бағалауға қатысты салдарлар. Оқытушылар сауалнамасы арқылы GenAI-дың бағалауға әсерін талдайды; дәстүрлі код тексерудің орнына алгоритмдік ойлауды, AI-интеграцияны бағалауды енгізуді ұсынады [2].

Студенттердің программалау тапсырмаларын шешу кезінде ChatGPT-мен қалай әрекеттесетінін зерттейді. Студенттер тапсырмаларды орындауды, тұжырымдамалық түсінуді және өзара қарым-қатынас әрекеттерін талдайды. Зерттеу нәтижелеріміз GenAI көмегімен толық шешімдерді жасау тапсырмаларды орындауды, әсіресе жаңадан бастаушылар үшін айтарлықтай жақсартатынын, бірақ білім алудың үнемі артуына әкелмейтінін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде студенттер мен оқытушыларды GenAI-ді мәселелерді шешу құралы емес, оқу құралы ретінде қолдануға ұсынынады [3].

Мақалада программалау пәні бойынша студенттердің білімін бағалауға арналған GenAI технологияларын қолданатын заманауи платформалар мен жүйелерге талдау жүргізіледі. Білім беру практикасына тиімді енгізу үшін жоғары білікті мамандарды даярлау, жаңа педагогикалық тәсілдерді дамыту және ықтимал тәуекелдерді ескеру қажеттілігі айқындалады. Сонымен қатар, GenAI-дың программалаудан студенттердің білімін бағалаудағы рөлі, автоматты талдау, бейімделген тапсырмаларды пайдалануды талқылайды [4].

Зерттеуде GAI құралдарын таңдау, оқушылардың негізгі қабілеттері және тапсырмалардың күрделілігі оқу тиімділігіне әсер ететін негізгі айнымалылар ретінде анықталады және GAI көмегімен оқушылардың оқу мінез-құлқының өзгеруінің жеті үлгісін синтездейді, білім беру тәжірибесі үшін нақты теориялық негіздерді және енгізу нұсқауларын ұсынады. Программалау білімінде GenAI-ды қолдануға шолуы, бағалау құралдарын (Copilot, LeetCode AI) және оның тиімділігін зерттейді [5].

Жүргізілген әдебиеттерді талдау генеративті жасанды интеллект технологияларының программалау пәнін оқыту мен білімді бағалау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп отырғанын көрсетеді. GenAI құралдары студенттердің жұмыстарын автоматты бағалау, жаңа тесттік тапсырмаларды генерациялау және оқу нәтижелерін талдау мүмкіндігін кеңейтеді. Сонымен қатар, бұл технологиялар білімді бақылау және бағалау жүйесіне жаңа талаптар қояды, атап айтқанда студенттердің алгоритмдік ойлауын, кодты түсінуін және мәселелерді шешу стратегияларын бағалау қажеттілігін арттырады.

GenAI технологияларын программалаудан білімін бағалау процесіне тиімді енгізу үшін дәстүрлі бағалау әдістерін жетілдіріп, жасанды интеллект мүмкіндіктерін педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалану маңызды болып табылады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Осыған байланысты мақалада генеративті жасанды интеллект (GenAI) технологияларын пайдалану арқылы жоғары оқу орындарында программалау пәні бойынша студенттердің білімін бағалау әдістерін жетілдіру мәселесі қарастырылады. Атап айтқанда, студенттердің программалардан тапсырмаларын автоматты бағалау, тест тапсырмаларын генерациялау, интеллектуалды кері байланыс беру және оқу нәтижелерін талдау мүмкіндіктері зерттеледі.

GenAI технологиясы студенттердің программалаудан білімін бағалауда кодты автоматты талдау, жеке кері байланыс беру және бейімделген тапсырмалар генерациялау арқылы тиімді қолданылады. Бұл әдістер дәстүрлі бағалаудан (тесттер, практикалық тапсырмалар) негізгі айырмашылықтары – объективтілікті және жылдамдықты арттырады.

GenAI негізіндегі бағалау код сапасын (синтаксис, логика, тиімділік), алгоритмдік ойлауды және шығармашылықты анықтайды. Мысалы, ChatGPT, GitHub Copilot, Replit AI кодты тексеріп, қателерді түзету ұсыныстарын береді. Бейімделген тапсырмалар студент деңгейіне қарай тапсырмаларды өзгертеді: бастапқы деңгейде қарапайым циклдер, жоғары деңгейде жобалық тапсырмалар болып табылады [6].

Автоматты кодты бағалау

GenAI студенттердің программалық кодын автоматты түрде талдай алады. Бұл әдіс келесі параметрлер бойынша бағалау жүргізуге мүмкіндік береді:

- алгоритмнің дұрыстығы
- кодтың тиімділігі
- программаның орындалу нәтижесі
- кодтың құрылымы

Жасанды интеллект модельдері код сапасын, оқылуын және құжаттамасын автоматты түрде бағалай алады.

Бұл әдіс программалау пәнін оқытуда кеңінен қолданылып келеді, себебі ол студенттердің жазған кодын автоматты түрде орындап, нәтижелерін алдын ала берілген тесттік деректермен салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер студенттің программасының дұрыстығын, алгоритмнің орындалуын және программаның күтілетін нәтижені шығаруын тексереді. Нәтижесінде бағалау процесі жылдам әрі объективті түрде жүзеге асырылады.

GenAI технологиялары студенттердің жазған кодын тек қана орындау нәтижесі бойынша ғана емес, сонымен қатар кодтың құрылымын, логикалық дұрыстығын және тиімділігін талдай алады. Бұл студенттердің қателерін тез анықтап, өздігінен түзетуіне мүмкіндік береді және олардың программалау дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Тест тапсырмаларын автоматты генерациялау

Бұл әдіс оқытушыларға әртүрлі деңгейдегі және мазмұндағы тапсырмаларды тез дайындауға мүмкіндік береді. GenAI оқу программасының мазмұнына сәйкес жаңа тест сұрақтарын, код фрагменттерін немесе алгоритмдік тапсырмаларды құрастырып, оларды студенттердің білімін тексеру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Әртүрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды құру арқылы студенттердің теориялық білімін ғана емес, олардың алгоритмдік ойлау қабілетін және практикалық программалау дағдыларын да бағалауға болады. Осылайша GenAI технологиялары тест тапсырмаларын дайындау уақытын қысқартып, білімді бақылау және бағалау үдерісін тиімді және жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

GenAI технологиялары программалау тапсырмалары үшін жаңа тесттік жағдайларды құра алады. Бұл әдіс келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- әр студентке жеке тест нұсқасын генерациялау;
- тапсырмалардың қиындық деңгейін автоматты реттеу;
- бағалау процесін автоматтандыру;

Мысалы, GenAI технологиялары Python, C++ немесе Java тілдері бойынша алгоритмдік есептерді автоматты түрде құра алады.

Интеллектуалды кері байланыс

GenAI студенттердің кодына автоматты түсініктеме бере алады:

- қателерді көрсету
- кодты жақсарту бойынша ұсыныстар
- алгоритмдік шешімді түсіндіру

Бұл студенттердің өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл тәсіл студенттердің өзіндік оқуын дамытуға және қателерін жылдам түзетуіне мүмкіндік береді.

GenAI студенттердің оқу әрекеттерін талдау жасанды интеллекттің студенттердің оқу процесіндегі іс-әрекеттерін жинап, талдап, олардың білім деңгейін анықтау процесі. Мұндай жүйелер студенттердің тапсырмаларды орындау уақыты, жіберген қателері, тапсырмаларды орындау жиілігі және нәтижелері сияқты деректерді автоматты түрде жинайды. Осы мәліметтерді талдау арқылы жүйе студенттің қандай тақырыптарды жақсы меңгергенін және қай тақырыптарда қиындықтар бар екенін анықтай алады.

Осындай талдау нәтижесінде оқытушы студенттердің оқу үлгерімін толық көре алады және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Мысалы, GenAI белгілі бір тақырып бойынша студенттердің көпшілігі қате жіберетінін анықтаса, оқытушы сол тақырыпты қайта түсіндіру немесе қосымша тапсырмалар беру арқылы оқу сапасын жақсарты алады (1-кесте)

1-кесте. GenAI-дың талдау түрлері бойынша нәтижелері

<i>Талдау түрі</i>	<i>GenAI жүйесінің әрекеті</i>	<i>Нәтижесі</i>
<i>Тапсырманы орындау уақыты</i>	<i>Студенттің тапсырманы қанша уақытта орындағанын талдайды</i>	<i>Оқу қарқыны анықталады</i>
<i>Қателерді талдау</i>	<i>Кодтағы синтаксистік және логикалық қателерді анықтайды</i>	<i>Студенттің әлсіз тұстары анықталады</i>
<i>Тапсырмаларды орындау жиілігі</i>	<i>Студенттің жүйеге кіру және тапсырмаларды орындау белсенділігін бақылайды</i>	<i>Оқу белсенділігі анықталады</i>
<i>Нәтижелерді салыстыру</i>	<i>Студенттің нәтижелерін басқа студенттердің нәтижелерімен салыстырады</i>	<i>Білім деңгейі бағаланады</i>
<i>Жеке ұсыныстар беру</i>	<i>AI студентке қосымша тапсырмалар немесе кеңестер ұсынады</i>	<i>Оқу нәтижесі жақсартады</i>

GenAI студенттердің оқу әрекеттерін талдау арқылы олардың білім деңгейін анықтауға, оқу процесін бақылауға және оқытушыларға тиімді педагогикалық шешім қабылдауға көмектеседі. GenAI студенттердің оқу әрекеттерін талдау арқылы:

- білім деңгейін анықтайды;
- оқу қиындықтарын көрсетеді;
- жеке оқыту траекториясын ұсынады.

Бұл әдіс білім беру процесін деректерге негізделген басқаруға мүмкіндік береді

Зерттеу нәтижесінде GenAI техноло-гияларын программалау пәнінде қолданудың бірнеше артықшылықтарын көрсетті. GenAI негізіндегі білімді бағалау әдістерінің сипаттамасы келесі кестеде келтірілді (2-кесте).

2 -кесте. GenAI негізіндегі білімді бағалау әдістерінің сипаттамалары

№	Бағалау әдісі	Сипаттамасы	Қолдану мысалы	Артықшылықтары
1	Автоматты кодты бағалау	GenAI студент жазған программалық кодты талдап, қателерін және тиімділігін анықтайды	Python, Java, C++ тапсырмаларын тексеру	Бағалау жылдам, қателерді нақты көрсетеді
2	Тест тапсырмаларын автоматты генерациялау	Жасанды интеллект оқу материалы негізінде тест сұрақтарын автоматты түрде құрастырады	Бір тақырып бойынша бірнеше нұсқада тест жасау	Әр студентке жеке тапсырма беруге болады
3	Интеллектуалды кері байланыс	GenAI студенттің жауабын талдап, қателерін түсіндіріп, ұсыныстар береді	Программалау тапсырмасын орындағаннан кейін түсіндірме беру	Жеке оқытуға мүмкіндік береді
5	Оқу әрекетін талдау (Learning Analytics)	Студенттердің оқу әрекеттері мен нәтижелерін деректер арқылы талдайды	LMS жүйелеріндегі тапсырмаларды орындау статистикасы	Білім деңгейін дәл анықтауға көмектеседі

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу GenAI технологиялары негізінде студенттердің программалау білімін бағалаудың тиімді әдістерін қарастырды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, GenAI программалау тапсырмаларын автоматты бағалауға мүмкіндік береді, AI негізіндегі тест генерациясы бағалау сапасын арттырады, интеллектуалды кері байланыс студенттердің оқу нәтижелерін жақсартады және оқу әрекеттерін талдау оқыту процесін тиімді басқаруға көмектеседі. Болашақта GenAI технологияларын программалау пәнін оқытуда кеңінен пайдалану студенттердің білім сапасын арттыруға ықпалын тигізеді.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (грант № AP23490592).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ

- [1] M. Tsubakimoto, "Generative AI in University Programming Courses," *IIAI Letters on Informatics and Interdisciplinary Research*, vol. 7, p. 1, 2026. doi: <https://doi.org/10.52731/liir.v007.482>
- [2] T. Terroso and M. Pinto, "The Influence of GenAI on the Evaluation of Computer Programming Students in Higher Education," in *Proceedings of the 6th International Computer Programming Education Conference (ICPEC 2025)*, Open Access Series in Informatics (OASICs), vol. 133, Schloss Dagstuhl – Leibniz-Zentrum für Informatik, 2025, pp. 18:1–18:8. doi: <https://doi.org/10.4230/OASICs.ICPEC.2025.18>
- [3] R. Chen, S. Jiang, J. Shen, A. Moon, and L. Wei, "Examining the Usage of Generative AI Models in Student Learning Activities for Software Programming," 2025. doi: <https://doi.org/10.48550/arXiv.2511.13271>
- [4] А. Сағымбаева, А. Жаксылыков, Ш. Шекербекова, А. Жамкеева, "Генеративті жасанды интеллект технологиясының программалаудан ЖОО студенттерінің білімін бақылаудағы рөлі," *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы*, №3(87), б. 320–330, 2024. doi: <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.87.3.027>

- [5] T.-C. Huang and H.-P. Tseng, "Learning, Behavior, and Pedagogy: A Systematic Review of Generative AI Use in Programming Education," *International Journal of Information and Education Technology*, vol. 16, no. 1, pp. 102–116, 2026. doi: <https://doi.org/10.18178/ijiet.2026.16.1.2487>
- [6] R. Chen, S. Jiang, J. Shen, A. Moon, and L. Wei, "Examining the Usage of Generative AI Models in Student Learning Activities for Software Programming," ResearchGate preprint, 2025. Available: <https://www.researchgate.net/publication/397701710>

Методы оценки знаний студентов по программированию на основе GenAI
Шекербекова Ш.Т., к.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Сағымбаева А.Е., д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В современной цифровой образовательной среде объективная оценка навыков программирования студентов является одной из актуальных задач. В последние годы технологии генеративного искусственного интеллекта (Generative AI – GenAI) начали широко применяться в сфере образования. Данное исследование направлено на анализ эффективных методов контроля и оценки знаний студентов по программированию с использованием технологий GenAI. В ходе исследования рассмотрены такие методы, как автоматизированная оценка, интеллектуальная обратная связь и обучающая аналитика. В результате установлено, что системы оценки на основе GenAI позволяют объективно оценивать знания студентов, автоматически проверять задания и анализировать результаты обучения.

Ключевые слова:

GenAI, программирование, оценка знаний, автоматическая оценка, методы оценивания.

Methods for Assessing Students' Programming Knowledge Based on GenAI
Shekerbekova Sh.T., candidate of Pedagogical Sciences, Professor Abai Kazakh National Pedagogical University,

Sagymbaeva A.E., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University,

Abstract. In the modern digital educational environment, the objective assessment of students' programming skills has become one of the key challenges. In recent years, generative artificial intelligence technologies (Generative AI – GenAI) have been increasingly used in the field of education. This study aims to analyze effective methods for monitoring and assessing students' knowledge in programming using GenAI technologies. The research considers methods such as automated assessment, intelligent feedback, and learning analytics. The results show that GenAI-based assessment systems enable objective evaluation of students' knowledge, automatic checking of assignments, and analysis of learning outcomes.

Keywords: GenAI, programming, knowledge assessment, automated assessment, assessment methods.

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ»
атты I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
2026 жылғы 18 наурыз

«ЦИФРОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА»
Материалы I Международной научно-практической конференции
18 марта 2026 года

“DIGITAL EDUCATION IN THE ERA OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE”
Materials of the 1st International Scientific and Practical Conference
March 18, 2026

